ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ
АРДАГЕРЛЕР КЕНЕСІ

# ARDAGER

## Құрметті оқырмандар!

*Қолдарыңызға «Ардагер» журналының №3 нөмерін ұсынып отырмыз.*

*Бұған дейін шығарылған журналдың екі нөмері оқырмандар тарапынан жылы қабылданды. Оның бір айғағы редакция қоржынына келіп жатқан алғыс хаттары. Олардың бірқатары журналдың осы нөмерінде жарияланды. Оқырманмен, қоғаммен байланыс болған жерде қашанда табысқа қол жеткізуге болады. Олай болса журналымыздың бағыт-бағдары дұрыс екендігі сөзсіз.*

*Қазақстандық патриотизм идеяларын дамыту, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру және өсіп келе жатқан жастарға ұлағатты тәрбие беру бүгінгі ардагерлеріміздің басты міндеті. Осы мақсатта «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген атпен жаңа айдар ашып отырмыз. Мұнда ардагерлерді ұлықтауға арналған мақала, хабарлар жарияланып тұратын болады.*

*Қазақстан өз тарихында көптеген оқиғаларды бастан кешірді. Міне, осы орайда ұлттық қауіпсіздік органдарында ұзақ жылдар бойы қызмет еткен ардагерлердің, олар жазған естеліктердің орны ерекше. Ақтаңдақтарды қалпына келтіріп, ол кісілер өткен тарихтың олқы тұстарын толықтыруға күш салса нұр үстіне нұр болар еді. Осындай ізгі мақсатпен «Тарих – таразы» деген айдар ашылып, осы нөмірде полковник Әмірхан Бәкірұлының «Қазақ халқының ұлттық трагедиясы» деген мақаласы жарияланды. Мұндай мақалалар қоғам үшін керек деп ойлаймыз. Жалпы, ұлттық қауіпсіздік органдарының ардагерлерінен сараптамалық материалдарды көптеп күтетін боламыз. Олардың ой-пікірлері қазіргі уақытта өте құнды екендігі айтпаса да түсінікті.*

*Алдағы мақсатымыз басылымды бұдан әрі дамыта түсу болып отыр. Бұған Сіздердің де көп көмектеріңіз керек екендігі сөзсіз. Ұлттық қауіпсіздік органдарының тарихындағы ардагерлерге арналған журналдың таралымын бұдан әрі арттырып, халықтық басылым биігіне көтеру баршамыздың ортақ ісіміз. Журналдың болашағы да осыған байланысты. Әрине, онда жарияланатын материалдардың сапасы да арта түсетін болады. Құпиялылық режимінің талаптарын сақтай отырып, қоғам үшін айтуға болатын, талқыға салатын мәселелерді көтеру ойда бар. Осы арқылы ұлттық қауіпсіздік органдарының абырой-беделін арттыру, жағымды имиджін дамыта түсу басты мақсаттардың бірі.*

*Редакция алқасы*

# ВРУЧЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НАГРАД

3 сентября 2019 года Председатель КНБ Карим Масимов в торжественной обстановке вручил генерал-полковнику в отставке Токпакбаеву Сату Бесимбаевичу государственную награду орден «Барыс» I степени.

13 декабря 2019 года Глава Комитета также в торжественной обстановке вручил генерал-майору в отставке Марденову Жукену Баймухамбетовичу государственную награду орден «Данк» I степени.

Карим Кажимканович отметил значительный вклад награжденных ветеранов в укрепление национальной безопасности Казахстана, пожелал им крепкого здоровья и долгих лет жизни.

# ФОРУМ ВЕТЕРАНОВ

Шестого декабря 2019 года накануне Дня независимости Республики Казахстан в конференц-зале административного здания КНБ состоялась встреча руководства КНБ, а также заинтересованных подразделений Комитета, ГТС КНБ и АО «РЦ «Казимпэкс» с ветеранским активом. Минутой молчания участники встречи почтили память ушедших из жизни ветеранов.

В своем вступительном слове заместитель председателя КНБ генерал-майор Марат Колкобаев рассказал о задачах органов КНБ на современном этапе. При этом подчеркнул, что работа органов национальной безопасности непосредственно соприкасается с интересами граждан страны и её безопасностью, находится под пристальным вниманием всего общества. В этой связи, одним из главных приоритетов должно стать повышение эффективности ветеранской работы, содействие органам КНБ во взаимодействии с обществом и укреплению доверия населения.

В свою очередь, председатель ЦС РОО К. Бекназаров проинформировал о реализации уставных целей и задач ветеранского объединения, подготовке мероприятий по празднованию 75-летия Победы над фашизмом. Он также подчеркнул, что многие ветераны стояли у истоков независимости нашей Родины, образования и становления органов национальной безопасности. Выразил признательность руководству Комитета, структурных подразделений и территориальных органов, ведомств, а также АО «РЦ «Казимпэкс», ГТС за постоянное внимание и оказываемую поддержку ветеранам.

Выступившие ветераны-заместитель председателя РОО «Совет генералов» генералы Айжулов Т.Г., Тастамбеков А.Е., полковники Умаров М.С., Брекишев А., и Каримов К. затронули актуальные аспекты взаимодействия ветеранской организации КНБ.

Старший консультант аппарата Председателя (пресс-служба) подполковник Дана Ошамбаева рассказала о совместной с РОО работе по созданию информационно-пропагандистских видеороликов, документальных фильмов, телепередач, раскрывающих историю известных спецопераций, проведенных в различные годы деятельности органов КНБ, а также о важности информационного сопровождения подготовки и празднования 75-летия Великой Победы.

Заместитель председателя генерал-майор Колкобаев М. О., ВрИОД начальника Департамента кадров подполковник Бекишев А.Ш., руководители Военно-медицинского Департамента 6 Службы КНБ полковник Мажринов А.Б., поликлиники и госпиталя Комитета полковник Султаналиев Е. Т. подробно ответили на интересующие ветеранов вопросы.

В заключение встречи Колкобаев Марат Омербекович тепло поздравил ветеранов – юбиляров: с 80-летием полковника Темирбекова Кайрата Темирбекович, 75-летием генерал-майора Тастамбекова Аблая Есимгалиевича, 60-летием полковника Жалбирова Куандыка Имангалиевича и 77-летием генерала Айжулова Турсуна Габиденовича.

Всем именинникам вручена авторская книга председателя КНБ Карима Кажимкановича Масимова **«Следующий Властелин Мира. Искусственный интеллект».**

***Редсовет***

**Заместитель председателя КНБ генерал-майор М.О. Колкобаев поздравляет ветерана Кайрата Темирбековича Темирбекова с 80-летием**

# Избраны новые председатели филиалов РОО

**ДКНБ по г. Нур-Султан**
ШАЙМЕРГЕНОВ ЖАЛЕЛ ЛИКЕРОВИЧ
1955 года рождения, служил на различных оперативных и руководящих должностях в подразделениях контрразведки, антитеррора, разведки. Являлся помощником, советником председателя КНБ РК. 13 лет работал на дипломатических должностях в МИД РК. На пенсию вышел в 2013 году с должности официального представителя КНБ РК в Парламенте РК. Избран на должность председателя ФРОО в 2019 году, является внештатным сотрудником ДКНБ по г. Нур-Султану. Полковник в отставке.

**ДКНБ по г. Караганда**
ОЛЕЙНИКОВ АЛЕКСАНДР ИВАНОВИЧ
1958 года рождения, служил на различных оперативных и руководящих должностях в подразделениях в системе органов КГБ-КНБ Республики Казахстан, в 1996 году назначен заместителем начальника Управления КНБ по Карагандинской области. На пенсию вышел в 2008 году с должности ОДР ДКНБ по Карагандинской области. На должность председателя ФРОО избран в октябре 2019 года, является внештатным сотрудником ДКНБ. Полковник в отставке.

**ДКНБ по Кызылординской области**
АЛИАСКАРОВ САРУАР АЛИМБАЕВИЧ
1964 года рождения, служил на различных оперативных и руководящих должностях в ДКНБ по Кызылординской области, в 1997 году назначен начальником РО ДКНБ РК по Аральскому району. На пенсию вышел в 2009 году с должности старшего оперуполномоченного 2 Управления ДКНБ, На должность председателя ФРОО избран в 2019 году, является внештатным оперативным сотрудником ДКНБ. Подполковник запаса.

**ДКНБ по Туркестанской области**
РАМАШОВ КУРМАНБЕК РАМАШҰЛЫ
1950 года рождения, служил на различных оперативных и руководящих должностях в подразделениях контрразведки в системе КГБ-КНБ Республики Казахстан. На пенсию вышел в 2008 году с должности начальника управления (ОДР) ДКНБ по Южно-Казахстанской области. На должность председателя ФРОО избран в 2019 году. Является внештатным оперативным сотрудником ДКНБ. Полковник в отставке.

**ДКНБ по г. Шымкент**
РАМАНКУЛОВ МИРХАЙДАР
1942 года рождения, в органах безопасности с 1968 года, окончил Высшую школу КГБ СССР, служил на различных оперативных и руководящих должностях в системе КГБ-КНБ Республики Казахстан, являлся руководителем ряда территориальных органов госбезопасности. На пенсию вышел в 1995 году с должности заместителя председателя КНБ РК по кадрам, кавалер ордена «Красной звезды». На должность председателя ФРОО избран в 2019 году. Генерал-майор в отставке.

**Ни один ветеран не должен остаться без внимания и заботы**

В Казахстане запланированы масштабные мероприятия, приуроченные к 75-й годовщине Победы в Великой Отечественной войне 1941—1945 гг.

Их организация и проведение обсуждались на заседании межведомственной комиссии правительства.

В юбилейный год запланировано проведение военного парада, поисковых работ по выявлению неучтенных захоронений и непогребенных останков воинов-казахстанцев, погибших в годы войны, участие ветеранов в мероприятиях, проводимых на территории стран СНГ, оказание социальной помощи ветеранам, вручение юбилейных медалей и организация культурно-массовых мероприятий.

Всего проектом плана предусмотрена реализация 67 мероприятий.

Министерству труда и соцзащиты населения поручено проработать с акиматами и центральным советом РОО «Организация ветеранов Казахстана» вопрос установления одинаковых сумм единовременных выплат ветеранам и инвалидам Великой Отечественной войны.

Чествование ветеранов Великой Отечественной войны, тружеников тыла, казахстанцев, выполнивших историческую миссию и внесших вклад в Победу над фашизмом, является задачей общегосударственного масштаба.

***Руководство КНБ и ЦС РОО поздравляет ветеранов органов национальной безопасности - участников Великой Отечественной войны:***

***Даценко Павла Васильевича,***
***Каймолдина Абдыгали,***
***Курочкина Ивана Александровича,***
***Кусаинова Мукатая,***
***Садбенова Джумахана Калиевича,***
***Самсонова Павла Степановича,***
***Эйнойгас Анастасию Васильевну,***

***тружеников тыла, вдов участников Великой Отечественной войны с наступающим 2020 годом, желает крепкого здоровья, жизненной энергии и долголетия.***

## *Павлу Васильевичу Даценко 7 января 2020 года исполняется 95 лет*

Он родился в 1925 году в с. Владимировка. В июне 1942 года окончил школу, а в декабре этого же года его призвали в армию.

С 1943 года по 1945 П. Даценко прошел дорогами войны, участвовал в Курской битве, Корсунь-Шевченковской наступательной операции, в освобождении Румынии, Венгрии и Чехословакии. За доблесть отмечен орденом Отечественной войны, двумя медалями «За отвагу». День Победы встретил в Австрии. С 1950 по 1979 год служил в органах безопасности СССР по Южно-Казахстанской и Костанайской областях.

Павел Васильевич является автором ряда книг, в том числе книги «Сказание о двоенном мире. Войне окопной и незримом фронте»

Генерал-майор Михаил Дауенов:

***– Ваша книга это не просто история. Это отчет перед павшими в боях товарищами. Она как истинное зеркало Вашей патриотической совести, преданности долгу и чести защитника Отечества. За годы службы Родине Вы показали высокий интернациональный разум толерантности, дружбы и мира на казахской земле.***

# ТҮРКІСТАН - ЕР ТҮРІКТІҢ БЕСІГІ ҒОЙ

***Түркістан облысы – тәуелсіздігіміздің төл жемісі. Бүгінде мемлекетіміз қарыштап, қарқындап дамып келеді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында Қазақ Елін бүкіл әлем танып отыр.***

Елбасымыз қашан да ұлт руханиятының алтын ұясы, қазақ тарихының түп тамыры – Оңтүстікке айрықша көңіл бөліп келеді. Тәуелсіз Қазақ Елінде тұңғыш рет миллиондық қаланы межелеу, оған арнайы мәртебе беру ісі 2014 жылдан бастау алды. Бүгінде көзделген мақсат орындалып, Шымкент қаласының тұрғындары бір миллионға жетті. Біз, барша қазақстандықтар, республикалық мәртебе берумен қатар, жаңадан облыс орталығын таңдау бақыты бұйырған тарихи сәттің куәсі болдық. Мұндай орталық ретінде Қазақ Елі үшін ғана емес, исі түркі әлеміне ортақ, қасиетті Түркістанның таңдалуын халықтың зор ықылыспен қабылдағанын қуанышпен атап айтқым келеді. Мұны Түркістан, Кентау қалаларының шекараларына өзгерістер енгізу барысында тұрғындармен жүргізілген қоғамдық таңдаулар кезінде һәм көпшілікпен талқылау барысында айқын сезіндік. Қазақта «Қос тойың қабат болсын, екі дүниең абат болсын», - дейтін керемет даналық сөз бар. Ұлы Тұран даласының темірқазығы, Ұлы түркі бабалардың түпқазығы саналатын қасиетті өлке – Түркістан қаласын облыс орталығы ету ұсынысы баршаға ерекше ой салды. «Түркістан – Рухты қайрап, Алашты арқаландырып, тағдырлы кезеңдерде Қазақ дейтін елді сақтап, берекесін арттыра білген қасиетті жер. Санаға сілкініс туғызып, отаншылдық сезімді тереңдететін тың бастама. Міне, осы тың бастаманың Рухани жаңғырудың тағы бір жарқын көрінісі болғаны анық. Бұл орайда, Түркістан қаласы туризм саласы бойынша Самарқанд, Бұхара, Хиуа сияқты қалалармен бәсекелесіп, Түркі әлемінің рухани астанасы және облыс орталығы ретінде әлемдік аренада Қазақстанның беделін биіктетіп, мәрте-

бесін асқақтататыны шынайы шындық.

Түркістан – ер Түріктің бесігі саналатын құтты мекен. Ал, Түркістан облысының құрылуы Рухани жаңғырудағы басты, құнды шешімдердің бірі болды. Жалпы, еліміздің оңтүстік өңірі қандастарымыздың ұйысып қоныстанған киелі мекені екендігін ескерсек, түркі әлемінде Түркістан қаласының алатын орны ерекше. Енді рухани астанамыз облыс орталығына айналып, экономика мен әлеуметтік саланың тамырына қан жүгіре түспек. Әрине, мұнымен қабат еліміздегі мәдениет, білім һәм рухани ағартушылық мәртебесі жоғарылайды, қаланың Ұлы жібек жолының бойындағы құндылығы арта түседі. Біз шет мемлекеттерге шыққан сайын шетелдіктер алдымен Нұр-Сұлтаннан кейін Түркістанды еске алып жатады. Сондықтан, Елбасының оң шешімі елдің көкейінде жүрген өзекті мәселеге дөп тиді. Ежелде Қазақ хандығының астанасы болған қала жаңаша қарқынмен даму жолына түсті.

Тарихы бай, тағылымы терең Түркістан қаласының еліміз үшін орны бөлек. Ол бүкіл Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі. Түркістан – қазақ елінің рухани жүрегі, қазақтың көптеген қабырғалы тұлғалары мәңгіге жай тапқан қасиетті қала. Осында жерленген 164 әйгілі тұлғаның жиырма бірі ел басқарған қырандар, 30-дан астамы қол бастаған батырлар, шежірелі сөз бастаған билер.

Елбасы бекіткен бас жоспардың аясында бүгінде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Нәтижесінде бүкіл елдің назарын өзіне аударған Түркістан қаласы күннен күнге көркейіп, ажарлана түсуде. Бұлай болуы да заңдылық. Өйткені, Түркістан – түркі әлемінің мәдени орталығы.

Түркістан – екі дүниенің есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой! - деп, Мағжан ақын осы бір шумаққа бүкіл түркі халқының толғанысын сыйғызған.

Түркістан – тарихтың талайын көрген көне шаһар. Мұнда түркі тілдес халықтардың өткен ғасырлардағы салты мен санасын ұмыттырмайтын жәдігерлер сақталған. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі жұртының өткені мен бүгінін байланыстырып жатқан рухани үндестіктің орталығы іспетті. Құрамына 14 ел мүше болған «ТҮРКОЙЛ» ұйымы алғаш рет 2012 жылы Астана қаласын түркі әлемінің мәдени астанасы деп жариялады. Бұл дәстүр Түркияның Ескішахар, Татарстанның Қазан, Түркменстанның Мары, Әзірбайжанның Шеки қалаларында жалғасып, Қазақстанда екінші рет түркі халқының мәдени орталығына айналып отыр.

Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасын таңдау Түркістан қаласына түсті. Игі істің бастауы ретінде 21 наурыз күні 15 елден 900-ге жуық қонақ Түркістан қаласына табан тіреді. Түркі әлемінің мәдени астанасының ашылу салтанаты Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесімен түспа-түс келуі де тегін емес. Өздеріңіз жақсы білетін «Не шықса да оңтүстіктен шығады» деген тәмсілге ұқсас сөз бар. Өкінішке қарай, оңтүстік өңірі мен халқы туралы таптауырындар мен еш негізсіз аңыздарға сенетін кейбір отандастарымыз оны теріс мағынада түсініп жатады. Бірақ, көп жағдайда өңіріміздің шынайы өмірімен етене таныс адам ол сөзді оңтүстік халқының еңбекқорлығы мен тапқырлығына ризашылықпен, сүйіспеншілікпен айтады.

## Жаңа Департаменттің жауапкершілігі мол

Елбасымыздың бұл тарихи шешімі Түркістан қаласының киелі бет-бейнесін одан әрі арттырып, халқымыздың бойына рухани күш, санасына серпін беретін тарихи маңызы бар оқиға. Тарихи мәні және маңызы зор Жарлыққа сәйкес Түркістан облысына көшу жұмыстары аяқталып, біткеніне бір жыл болды. Біз де, яғни, Түркістан облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің ұжымы киелі де қасиетті құт мекеніміз – Түркістан қаласына көшу салтанатты іс-шарасын ойдағыдай өткіздік деп бек сеніммен айта аламыз.

Егемен еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің алатын орны ерекше екені баршаға белгілі. ҰҚК – жауапкершілігі, қиындығы мол қызметте батырлық та, батылдық та, тапқырлық пен айлалы ақыл бойларынан табылатын нағыз патриот сарбаздардың қызметі. Ұлт қауіпсіздігі тұрмыс сапасының ажырамас бөлігі. Еліміздегі мызғымастай қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз етуде халқымыздың бақуатты өмір сүруін және тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасының қарқынды дамуын, заманауи прогрессивті мемлекет және бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі, ел игілігі жолындағы қызметтеріміз баянды болып, халықтың сенімін ақтай беретініне күмән жоқ. Атап айтсақ, өз Отанына қалтқысыз қызмет ету – қасиетті борыш. Осы жолды таңдаған әрбір қызметкер мемлекеттік мүддені әрқашан бірінші кезекке қойып, ҰҚК-не кірген кездегі антына адал қызмет етуі тиіс. Бұл жөнінде жаңа құрылған депар-

тамент қызметкерлерімен бірге жаңа ұйымдастырылған аға буын – Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Түркістан облысы бойынша департаментінің Ардагерлер кеңесімен бірге келдік. ҰҚК ардагерлерінің қайсысын алсақ та егеменді еліміздің тұрақтылығын қорғаудаиын да жауапты сындардан абыроймен өткен, өз саласының кәсіби шеберлері, жас офицерлерге үлкен өнеге болатын офицерлер мен генералдар. Қазіргі көшіп келген және жұмысқа жаңадан кірген жас офицерлердің уақытша тар кабинеттерде және де тұрғын үйлердің жоқтығынан, жағдайы жасалмаған пәтерлерді жалдап жатқанын көріп, біздің де ардагерлеріміздің әрқайсысы осындай қиын да жауапты сындардан абыроймен өткені есімізде. Бірақ бұ-ның барлығы уақытша екенін түсіне білген жас офицерлерді көріп, олардың алдында дұрыс саясатты жүргізе білген облыс департаменті басшыларының және ардагерлердің де үлесі бар екенін біліп, қуанасың. Біздің әр ардагерлеріміздің қызметте жүріп өткен жолдары жастарға өнеге болатындай мектеп болуы керек. Осы бағытта көптеген жұмыс атқарылуда және атқара да береміз. Оның бір көрінісі – облыстың Шымкент қаласынан Түркістан қаласына өз еншісін алып көшкендегі жақсы үлгілерін атап айтсақ, барлық әскерилердің қазақтың салт-дәстүрлерін сақтай отырып, көшу рәсімін өткізуі. Бұндай дәстүрлерді екі департаменттің қызметкерлері мейлінше өз сән-салтанатымен баянды ете түсті.

## Тарихқа тағзым

Бұндай киелі, жақсы өнегелі тірліктің ұйытқысы болып, басы-қасында жүрген Түркістан департаментінің басшысы генерал-майор Дүйсебаев Әбілсейіт Оразақынұлы, орынбасарлары – полковник Койшыманов Ернар Жұмабекұлы, Маметбақиев Бақтияр Маратұлы, Мұқажанов Мұрат Орысбайұлының жақсы іс-әрекеті деп білімін. Бұл жерде шығарып салу салтанатына өз үлесін қосқан Шымкент қалалық департаментінің басшысы, генерал-майор Тасыбеков Қайсар Сүлейменұлының орны бөлек дер едім.

Қазіргі кезде Түркістан департаментінің қызметкерлері қиындау жағдайға қарамастан еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жақсы табыстарға жетуде. Қарап отырсаңыз, Түркістан қаласының тарихы сияқты ұлттық қауіпсіздік органдарының тарихы да ұқсас сияқты. Атап айтсақ, біздің департамент көшкен жылы Түркістан төтенше жағдайлар комитетінің құрылғанына 100 жыл толыпты. Тарихи деректерге қарасақ, бірінші рет 1918 жылғы Кеңес өкіметінің билігі кезінде Түркістан Республикасының орталығы Ташкент қаласында орналасқан. «ТурЧК»-ның орталық комитетінің құрамына губерниялық және уездік ЧК кірген. 1920 жылдың қыркүйек айында уездік ЧК құрылды, оның ішінде Сырдария, Әулиеата, Қазалы, Перовск (қазіргі Қызылорда) және Шымкент уездік ЧК саясибюро арқылы басқарылды.

Бұл тарихты біз де, жастар да білуі керек.

## Немесе Арысқа көмек көрсету парызымыз

Жоғарыда айтылғандай, облыс аумағында бір жылда көптеген жұмыстар атқарылды, солардың бірі – биылғы маусым айында Арыс қаласында төтенше жағдайдың орын алғаны белгілі. Апат бүкіл халықтың қабырғасын қайыстырып, шығын әкелді. 2019 жылдың 24 маусымы күні таңғы сағат 9 сағат 20 минут шамасында №44859 әскери бөлімінде оқ-дәрі салдарынан жарылыс орын алды (соңғы жарылыс 25.06.2019 ж. сағат 12:50-де тіркелді).

2019 жылдың 24 маусымы күні Арыс қаласында жедел штаб құрылып, төрағасы – облыс әкімі Ө.Шөкеев болды. Облыста төтенше жағдай жарияланып, тұрғындар қауіпсіз аймақтарға оқшауланды. Қалыптасқан төтенше жағдайдың салдарын жою үшін ІІМ күштік құрылымынан 502 адам және 85 дана техника, Азаматтық қорғаныс органдарынан 101 қызметкер, 25 дана техника, полициядан 401 қызметкер және 60 дана техника, Азаматтар мен мемлекеттің мүлкін сақтау және қауіпті аймаққа кіруге тосқауыл қою мақсатында полиция және Ұлттық Ұлан жасақтарымен 9 блок-пост, 75 жаяу жасақ, 15 автопатруль және 3 брондалған автокөліктермен қамтылған жылдам әрекет ету топтары құрылды. ІІМ-нің жеке құрамы мен Қорғаныс министрлігі бірге шешім қабылдап, қалаға кірер күре жолдарға қосымша 90 тосқауыл қойылды.

Түркістан облысының барлық аудандары мен Шымкент қаласының эвакуациялық пункттерінде Арыс қаласының 30 мыңнан астам азаматы тіркеліп, оларға толығымен жағдай жасалды.

Облыс әкімі Ө.Шөкеевтің басшылығымен қала 17 секторға бөлініп, тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, қаланы қоқыстан тазарту мақсатында 17 штаб құрылып, әр облыстан, Түркістан облысының барлық аудан әкімдері, Арыс қаласы әкімдігінің қызметкерлері тиісті аумаққа жауапты болып бекітілді.

Бұның барлығы қысқаша мәліметтер. Негізінен қарағанда бүкіл республика болып, қысқа мерзімде Арыс қаласын жаңартып, 10-15 жылдық құрылыс жұмыстарын 2-3 айда бітірді. Мұндай тез арада жасалған жұмыс ТМД-да болған емес. Мұндай тұтас Қазақ Елі араласқан игі жұмысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев тікелей бақылауында ұстады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев сол күні, яғни, 24 маусымда өз командасымен Арысқа ұшып келіп, Үкімет пен барлық облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға шұғыл түрде жоспарлы тапсырмалар берді.

Есімде, сол 24 маусым күні жарылыс болған сәттен бастап мен де Арыста болдым. Бір жарым сағаттан кейін жарылыс болған аумаққа облыс әкімі Ө.Шөкеев және барлық облыстың құқық қорғау басшылары да жетті. Солардың ішінде департамент басшысы, генерал Ә.О.Дүйсебаев өзінің орынбасары Б.М.Маметбақиевпен бірге келіп, өз құзыры шегінде іске кірісіп кетті.



Айта кететін жайт, әр жерден снаряд-тар ұшып жатқан кездің өзінде де жарылыс болғанына үш сағат өткен еді, өз қауіпсіздігін ойламай облыс басшысымен бірге барлық облыстың құқық қорғау органы басшылары қалаға қауіпсіздік мәселесімен кіргізбей жатқанына қарамастан, қалаға кірді. Ерекше айтатыным, жарылыс кезінде 30-40 минут ішінде қала тұрғындары – 45-47 мың халық өз күшімен қаланы тастап жан-жаққа кетіп қалғаны, орталық базар, жеке меншік дүкендер, тұрғын үй есіктерінің құлыптаусыз қалғаны. Халық жан сауғалап, босып кетті. Мұндай үлкен қайғыны енді басқа салмасын деп тілеймін. Осы кезде бейбіт өмірдің не екенін халқымыз түсінді. Осындай қайғыны болдырмау үшін барлық құқық қорғау қызметкерлері сауатты жұмыс істеу керек деп айтар едім. Соның ішінде өзіміздің ҰҚК. Менің ойымша, біраз бұйрықтарды қайта қарау керек. Соның ішінде – жабық әскери нысандарға ВКР мен жергілікті ҰҚК өкілдерінің бір-бірімен шұғыл қарым-қатынасы. Осының бәрі, сайып келгенде, республикамыздың барлық қызметкерлеріне үлкен сабақ, ал, атқарылған жұмыс бәріміз үшін баға жетпес тәжірибе болды. Осы ауыр сынақтан нәтиже шықса игі.

Арыс қаласында бұл жарылыс арсеналды бесінші жарылыс. Біріншісі 1944 жылы болған екен. Одан кейін 2009 жылы, 2014 жылы, 2015 жылы және 2019 жылы. Әскери мамандардың айтуы бойынша: «Жарылыс болған кезде инженерлік қару-жарақ қоймасына снаряд түскенде Арыста өте үлкен апат болатын еді, бір Алла сақтады». Иә, Алла сақтансаң, сақтайды!

Бұл еліміз үшін үлкен апат. Менің ойымша, біз – ардагерлер, барлық көрген тәжірибемізді еліміздің қауіпсіздігіне байланысты айта білу және қарсы тұра білу міндетіміз деп ойлаймын.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді көне де дана қазақ. Түркістан облыстық ҰҚК ардагерлер кеңесін құрған күні, мені департамент бастығы генерал-майор Дүйсебаев Әбілсейіт Оразақынұлы және орынбасары Мұқажанов Мұрат Орысбайұлы

екеуі шақырып, жаңа ұйымдасқан ардагерлер кеңесіне өз тарапынан әрқашан қолдау көрсететінін және барлық ұйымдастыру кезіндегі шығындарда өз тарапынан ақшалай жәрдем беретінін жеткізді һәм жәрдем берді. Осы күнге дейін және бұған дейін де ардагерлерге деген басшылардың көзқарасы дұрыс деп есептеймін.

Осындай жақсы жайларды айтатын болсақ, жоғарыда айтып кеткендей, 24 маусым – 2019 жылы Арыстағы апаттан кейін екінші күні ҚР ҰҚК органдарының ардагерлері «Республиканың қоғамдық бірлестігінің» төрағасы, полковник К.Қ.Бекназаров Арыс қаласында тұрып жатқан зейнеткерлерге қаржылай жәрдем бергенін ұмыту мүмкін емес. Осыны сезінген әр зейнеткеріміздің көзіне қуаныш жасы ұялады.

Бұған қосымша, қоғамдық бірлестік төрағасының орынбасары, полковник Жұмагелдин Копез Бейсенұлының 2-3 күн сайын хал-жағдайымызды сұрап отырғаны Түркістан облысына ғана емес, барлық республикаға түскен ауыртпалықты жеңілдетіп отырғанын санамызбен түйсіндік. «Үлкенге – ізет, кішіге – құрмет» деген осы. Ықылымнан көреген қазақ осылай тәмсіл айтады.

Әлқисса, Арыс – ұлылардың табаны тиген, рухы қалған киелі қала. Қос өзен – Сыр мен Арыс жағасын тел емген Арыс тарихы тым тереңде. Арыс – Орта Азия қақпасы, тоғыз жолдың торабы. Әлімсақтан болат жолдың кіндігі һәм күретамыры. Батыс пен шығыс мәдениетінің тоғысы. Ынтымағы ұйып, сыйластығы жарасқан арыстықтар үшін жерұйық Арыс топырағы ықылымнан құтты қоныс, құт мекен.

Осынау тоқсан тарау тармақтың түйіскен тұсы – Арыс шежіресі бастауын 1900 жылдан алады. Осы жылы Орынбор-Ташкент темір жол құрылысы басталды. Бұл Оңтүстік Қазақстан өңірінен өткен алғашқы темір жол еді. Ал, 1904 жылдың 1 қаңтарынан Орынбор - Ташкент темір жолының барлық желісі бойынша пойыздар қозғалысы жүзеге асты. Яғни, Қазақстанда темір жол бойын қоныстанған тұңғыш елді мекен, іргетасы 1900 жылы қалана бастаған Арыс стансасы болды. Уақыт өте келе қажеттіліктен өнеркәсіптік ғимараттар, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер көптеп салынды. Жылдар ағысында құрылыс учаскесінің орталығы, кеңселер мен қоймалар, пошта стансасы, аурухана, бастауыш мектеп, тағы да басқа нысандар бой көтерді. Осылардың негізінде 1928 жылы Арыс ауданы құрылды. 1956 жылы қала мәртебесі берілді. «Өткенін білмеген – бүгінін білмейді» деген сөз бар, дана қазақта. Менің тарихқа аз-кем тоқталуымның мәнісі де осы. Арыс қазірге дейінгі гүлденген, абаттанып, жаңарған шаһарға осылайша сатылап жетті. Тегінде бар қасиет емес пе, елдік пен ерлікті дәріптеп, туған жерге деген махаббатты, дәстүрге беріктікті, шынайылық пен ақиқатты, мейірім мен ізгілікті ту етіп көтерген Арыс халқы бабалар аманатына әрдайым адал.

## Адагерлер қашанда алғы сапта

Мақаламның бас жағында айтып өткенімдей, Түркі әлемінің кіндігі – Түркістан. ҚР ҰҚК департаменті ардагерлері Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Елбасымен бірге 4 қараша күні Түркістан қаласына сапарымыз болды. Оның ішінде отставкадағы подполковник Талғат Қажыұлы Маманов, отставкадағы майор Аетов Марат Хасенғалиұлы, отставкадағы подполковник Исмағұлов Қайырбек Қуанышұлы, запастағы подполковник Хайдар Әділбек Хайдарұлы, кіші сержант, ОМО Жарасбаева Сайлаугүл Кенжеахметқызы болды. Ал мен осы әріптестерімнің тобын Шымкент қаласында күтіп алдым. Мұнда Оңтүстік өңірінің тарихи орындарын, жәдігерлерін аралаған соң, Түркістан қаласының қасиетті жерлерінде – Арыстанбаб, Ахмет Ясауи, Гауһар ана, Укаш ата сынды тағы басқа орындарда болдық. Мұнан соң, Түркістан қаласында ардагерлер мен Түркістан облысы бойынша ҰҚК департаменті басшылығымен кездесу, ардагерлер кеңесінің кәдесыйлары мен вымпелін тапсыру рәсімі шарасына қатыстық. Біздің Түркістан қаласына сапарамыз 4 қарашада Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың киелі шаһарға келуімен түйінделді.

Өздеріңіз білесіздер, облыстағы жаңа қонысқа департамент қызметкерлерімен қатар бір жылға толар-толмас уақытта ардагерлер кеңесі де қоныс аударды. Меніңше, Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің көп қырлы қызметі мен департаменттің қоғамдық өмірінде алатын орны ерекше. Облысымыздағы беделді зейнеткер офицерлер жаңа қызметке келген офицерлерге, қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін сақтау, жаңғырту, жастар тәрбиесі, отбасы, тағы да басқа Түркістан облысы өмірімен байланысты мәселелер ардагерлер кеңесінің тұрақты назарында. Біздің дана халқымыз «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар», - деп бекер айтпаған. Алла Тағала асқан сүйіспеншілікпен жаратқан адам баласы жұмыр жер бетіндегі ең көркем, кемел жаратылыс иесі екені рас. Осы жаратылыс иесі – Адам. Адам баласы туылады, балалық, жастық дәуренді бастан өткереді. Уақыт ағымына қарай жасы ұлғайып, қартаяды. Ия, орынды, баянды қартая білу де үлкен қасиет. Иманды адам, жан жүрегінде нұры мол кісі қартаюды намыс көрмейді. Құдайға шүкір, қариялыққа да аман-есен жеттік, тәубе деп шүкіршілік етейік.

Ұлы даланы мекендеген қазақ халқы қашан да ұрпағына тәлім-тірбие беріп, ұлттық рухын арттырып, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын санасына сіңіріп, үлкендерді құрметтеуді, кішіге қамқор болуды бойына дағды етіп қалыптастырып отырған. Өз ана тілін қастерлеп, туған жерін сүйіп, тарихын құрметтеуді үйрете білген. Ұлтымыздың ұланы болар ұрпақты тәрбиелеуі, қалыптастыруы ананың ақ сүтімен, әженің әлдиімен, атаның айтқан шежіресімен жүзеге асырылған. Түркістан облыстық ардагерлер кеңесі де ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып келе жатқан осынау қасиетті дәстүрді киелі мекенде жалғастырып келеді. Бұл жөнінде біз Ардагерлер кеңесі үлгі болуымыз керек.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақ халқының ұлт болып ұйысуы мен салт-дәстүрін, рухани

байлығын сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізуде бағдаршам десек жаңылмаймыз. Осы орайда, атқарылған жұмыстар тарихи сана қалыптасқан жерде ұлттық сана қалыптасатынын көрсетті. Осыны ескерген Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жазып, аталған мақала ұрпақтың тарихын танытып, кеңейтуге, өткен тарихты қайта зерделеуге серпін береді. Сондықтан да, халық «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы іспетті деп қабылдады. Мұның барлығы тек тарих ғылымына негізделгенде шынайы болады. Мұны өзіміз өткізіп отырған жиындар дәлелдей түсті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің басты байлығы ең қастерлі қазынасы, ол жердің астында да емес, үстінде де емес, адамдардың жүрегінде. Ежелден құт-береке дарыған халқымыздың дархан көңілі ешқашан ортайған емес. Құдай қазаққа қырын қарамаған, пейіліне сай берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген» - деген еді. Осындай адамдарға ел мен жерді қорғау біздің бақытымызға берген. Сол үшін де біз өзімізді мақтан етеміз.

Біз ҰҚК ардагерлері өмір бойы қызметте тік тұрып, тік жүріп үйренгенбіз, қалай зейнеткерлікке шықтық, сол күннен бастап қоғамның барлық зейнеткерлерімен теңесеміз. Олай дейтінім, бүгінгі қоғам сан қырлы. Кейде қатігездігі басымдау көрінеді. Тастанды бала, тастанды қария бұрынғы қазақ қоғамында болмаған оқиғалар туралы алғаш естігенде жанымыз түршігетін. Қазір ақпараттың ағымымен талқылаймыз да, өмірдің келесі парағын аударып кете барамыз. Себеп-салдары талқыланып жатады. Бірақ, ресми сипат алып кеткендіктен бе, нәтижесін бермей өте шығатындай

әсер қалдырады. Сөз, соның ішінде «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» деген сөз бар күш-қуатынан айырылып, жалаңаштанып қалғандай көрінеді. Ресми ақпараттар, ресми сөйлемдер ресми өмірдің астарында адами қасиеттер арпалысып жатқандай.

Бүгінде біз өзімізді Ұлттық қауіпсіздік органдарының ардагерлеріміз дейміз. Бірақ, «Айтылмаса сөздің атасы өледі», осы ардагерлердің тұлғалық қасиетіне тоқталсақ: ойланып көрейікші, шынында бүгінде осы сөздің мәніне терең бармай жүрміз. Ардагер – еліне, қоғамға еңбегі сіңген, ел ішінде қадірлі, ісі, сөзі халыққа жағымды, атағынан ат үркетіндей, қазақ халқына өнегелі болатындай тұлға. Меніңше, Ардагер – қасиетті сөз. Бұрын айтылып келген абыз, қария, ақсақал деген сөздердің бәрін біріктіретін осы Ардагер сөзі. Ардагер – елдің алақанына салып жүретін адамы болуы керек деп ойлаймын. Қазіргі кезде кейбіреулер 40-45 жасында зейнеткерлікке шығады да, басқа бір жұмысқа орналасады, ал, кейбірі отбасында болады. Бірақ, адам баласы жасы ұлғайған сайын қартая бастайды. Осы жерде бәріміз ойланатын бір нәрсе, ол – әдемі, орынды қартаюдың өзі – үлкен өнер болып тұр ғой. Менің айтқым келгені, Жамбыл атамыздың қорғаған кәрілігі емес, даналығы дер едім. Біреулер қазымыр болып қартаяды, ал біреуі балаға ұқсап жалтақтап, кім не айтар деп отырады, бірі тек қана кемшілік пен қате іздеп отырады, бірі жақсы, өнегелі қартаяды. Қартаю да өнер, соған ұмтылу керек. Бұларды тізбектеп отырғаным, биыл маған Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті органдары ардагерлерінің РҚБ-нің бұйрығымен төрағамыз К.К.Бекназаров «Құрметті ардагер» белгісін берді. Маған көрсетілген бұл құрметке рахметімді айтамын. КГБ-КНБ органдарында 60 жасқа келгенше қызметте болдым. Осы жылдары мені «Почетный чекист» белгісіне ұсынды.

Елбасының тікелей тапсырмасымен сол кездегі МЧС министрі В.К.Божконың бұйрығымен «Көксарай су қоймасының» басшысы болып қызмет атқардым. Бұл қызметте жүріп көптеген МЧС-МВД-нің құрмет белгілерінің иесі болдым. Осы жеті жарым жылда үлкен стратегиялық маңызы бар нысанда абыроймен қызмет етіп, 2017 жылы үлкен қажылыққа барып келген соң, жұмысты тапсырдым. Себебі, су қоймасы төтенше жағдай саласынан ауыл-шаруашылық саласына қабылданған болатын. Бір жағы ойладым, осы қызметімді ескерді ме екен деп... Бұның барлығы менің жоспарымда жоқ еді. Негізінен, сол алпыс жасымда зейнетке шыққаннан бері мені мазалайтыны – мені үлкен де, кіші де сыйласа келгенде орнынан ұшып тұрып сәлем беретіні. Менің де ойым, ниетім – осындай ақсақал болу еді. Алла жазса, осы армандарым орындалып келе жатқан сияқты.

Менің ойымда әрқашан өзім өскен ауылдың ақсақалдары жүреді. Елден алыс жүргендіктен, соларға деген сағынышым болады. Бала кезімде біз көрген қариялар ақылды, мейірбан, мейірімді еді. Ешқайсысының арнайы білімі болмаса да олар ұлы даланың университетінен тәлім алған. Мен өзім жас кезімнен жұмыс істеп жүріп жоғарғы оқу орнын сырттай бітірдім. Бірақ, сол кезде дала генералдарының мектебі болды. Қазіргі таңда осы әке жолын қуған үш ұлыма айтсам, олар менің осындай жолдан өткеніме қуанады

және көп нәрсені менен білгісі келеді. Соған мен де қуанамын. Осындай жақсы қуаныштарды мен егеменді еліміздің қауіпсіздік органдарында адал қызмет етіп, зейнетке шыққан әріптестеріме тілеймін.

Бұл менің ҰҚК «Ардагерлер» журналына бірінші рет жазып отырғаным және мен облыстардың ардагерлер кеңесінің ішіндегі ең соңғы сайланған және бір жыл толған Түркістан департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Қазіргі таңдағы ҰҚК-де қызмет ететін жастарымызға ағасы ретінде үйрететініміз көп болсын.

«Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік» - деген Елбасымыздың керемет сөзі бар.

Ешбір байлыққа алмастыра алмайтын Тәуелсіздік таңына батыр бабаларымыз бен майдангер ардагерлеріміздің арқасында жеткеніміз ақиқат. Сондықтан, бейбіт күннің қадірін, ашық аспанның аясын көнекөз ардагерлерден артық түсінетін жан жоқ шығар, сірә.

Аспанымыз ләйім ашық болсын!

**Құрманбек РАМАШОВ, ҚР ҰҚК Түркістан облыстық Департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы, полковник.**

# ОН ОПЕРЕДИЛ ВРЕМЯ

**Научное наследие Чокана Валиханова требует дальнейшего изучения, переосмысления и применения в наши дни.**




## Высокий образец

Новое прочтение научных трудов Чокана Валиханова свидетельствует о его неоценимом вкладе в мировую, отечественную культуру. Но нам сегодня предстоит переосмыслить его идеи.

– Сейчас мы говорим о развитии культуры нашей страны и реализации идей «Рухани жаңғыру», и в этом деле без научного наследия Чокана не обойтись, – считает доктор исторических наук, профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин Казахстанского филиала МГУ им. М. Ломоносова Жарас Ермекбай.

По словам профессора, наследие Валиханова актуально во все времена. И сейчас его труды изучают в России, странах Западной Европы и в Соединенных Штатах Америки. Жарас Ермекбай работал с архивом Валиханова в Санкт-Петербурге, в Российском государственном историческом архиве (РГИА), Санкт-Петербургском филиале Академии наук России. Он нашел новые материалы о великом казахском ученом в архиве Русского географического общества (РГО), где на почетном месте висит портрет нашего земляка.

– Чтобы по-настоящему понять наследие Валиханова, нужно внимательно изучить его работы, – убежден Жарас Ермекбай. – Впервые его труды были изданы в 1904 году в Петербурге. Написаны они интересно и увлекательно. Редактор, профессор Веселовский, в предисловии отметил, что как блестящий метеор промелькнул над

нивой востоковедения потомок казахских ханов, русские ориенталисты единогласно признали в его лице феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбах тюркских народов.

Чокан, будучи чингизидом по происхождению, с детства соприкасался с образцами высокой казахской культуры. Дети султана по традиции должны были изучить несколько восточных языков, или, как говорят, «жеті жұрттың тілін білу» – знать языки семи народов. Чокан усвоил арабскую, а позже и уйгурскую грамоту, читал на чагатайском языке памятники средневековой литературы, упражнялся в разговорной арабской и персидской речи, декламации стихов восточных поэтов.

В семье старшего султана постоянно гостили лучшие поэты и музыканты казахской степи – представители духовной элиты той эпохи. Будущий казахский гений рос, слушая их, наблюдая за ними. Эпическое произведение «Козы-Корпеш и Баян-Сулу» обыденным языком не перескажешь. А Чокан уже в детстве записал несколько вариантов народных поэм.

Чокан прежде всего стал известен как неутомимый собиратель и вдумчивый исследователь казахского фольклора. В трудах «Предания Большой киргиз-кайсацкой орды», «Исторические предания о батырах XVIII века», «Древности», «Язык», «Самородная словесность» он исследует множество народных поэм, сказок, легенд, преданий. Как впоследствии заключал Чокан, казахский народ имеет богатую и не лишенную поэтических достоинств замечательную литературу.

Творчество Чокана наполнено любовью к родной земле. О ней он не забывал

и в дальних странствиях. Дневник поездки на Иссык-Куль начинается с описания пути из Семипалатинска в Аягуз. О реке, воспетой в преданиях жителей, автор отзывается так: «Я очень люблю и восхищаюсь Аягузом, может быть, поэтическая легенда о любви прекрасной Баян к золотоволосому Козы-Корпешу, действие которой происходило на этой реке, есть немаловажная тому причина».

В записках Валиханова много красочных описаний селений, городов, встреч с жителями. Как писатель, он фиксировал все, что увидел в многодневных, многомесячных путешествиях.

Так, Чокан писал: «Дальняя синева гор пестрела высоко, соединяясь с облаками. Местами верхи выходили из-за туч, восходящее солнце разливало на них багрово-блестящий свет. Внизу с шумом, пенясь, струит свои зеленоватые волны Чарын».

Захватывает и описание эпизода, когда путешественник шел по самому краю обрыва, и его лошадь рухнула вниз, а сам он спасся чудом, передано впечатляюще и зримо.

### Иссык-Кульские открытия

Труды Чокана посвящены истории и культуре всех народов Центральной Азии. Именно он впервые записал часть кыргызского эпоса «Манас», имеющего общетюркское значение, назвав его «Степной Илиадой».

Великий путешественник Петр Семенов, впоследствии прозванный Тянь-Шанским, перед своей поездкой на Иссык-Куль консультировался с Чоканом и был в восторге от его глубоких познаний в области истории и географии региона. Ведь Валиханову раньше Семенова удалось побывать на закрытом для иностранцев по политическим причинам и потому загадочном озере Иссык-Куль.

Там в мае 1856 года Чокан сделал открытие, подобное обретению великой страны. В то время о кыргызах знаний было очень мало, ведь никто из ученых не приезжал и не интересовался в таком масштабе их жизнью и бытом, впрочем, как и духовным наследием тюркских народов в целом.

«26 числа (мая), – писал Чокан в своем дневнике, – был у меня кыргызский певец. Он знает поэму «Манас»… Манас – главный герой поэмы, вся его жизнь состоит в сражениях и искательстве красавиц. В этой легенде на озере Иссык-Куль встречаются три народа – казахи, ногайцы и кыргызы. Казахский хан Жанибек, мудрец Асан-Кайгы хорошо известны у кыргыз…»

Отрывок этот и есть первое свидетельство самого Чокана о том, когда именно и где он открыл величайшее сказание тянь-шаньских кыргызов.

– Один эпизод из поэмы «Манас», именно тризна по Кукетай-хану, записан мною со слов кыргызского рапсода. Вероятно, это первая кыргызская речь, переданная на бумаге, – замечал Чокан.

Карандаш его бежал по бумаге. Стройный юноша внимательно слушал певца кочевого народа, улавливая все оттенки его песни:

«У высокорослого Манаса подняты брови
И холодно лицо, кровь черна,
Но тело бело, живот пестрый, хребет синий,
На кого похож храбрый Манас?
Он подобен щетинистому волку!»

Чокан также узнал о существовании эпоса, продолжающего «Манас», сказок об одноглазом Алпе – людоеде и кыргызском Одиссее – скитальце и удальце Батурхане.

Путешественник также сравнивал памятники казахов и кыргызов. Так, казахи старались увековечить память о своих батырах постройкой уступчатой башни, крепостной стены, насыпным курганом. Недаром и знаменитый монумент Козы-Корпеша считается надгробным сооружением, мавзолеем героя великого сказания. В более близкие к нам времена усуни Старшего жуза потратили огромные средства для постройки памятника султану Сюку.

В своем дневнике Чокан впервые описал огромный Иссык-Куль: «Сияя чистейшим кобальтом (синим цветом), озеро сливалось с сиянием неба и дальним рельефом снежных гор, палящее солнце бросало на долину кругообразные от облаков тени. Мы же стояли на вершине, где было тепла не более чем как на шесть или семь градусов…»

### Общественное значение

Как отмечает Жарас Ермекбай, важно заново осмыслить наследие Чокана как общественного деятеля.

Валиханов окончил Омский кадетский корпус и оказался в кругах военной бюрократии. При этом ему было присуще критическое отношение к чиновничеству, поскольку часть этого сословия нередко занималась решением сугубо личных проблем, а не службой на благо страны. В письме Достоевскому от 5 декабря 1856 года он пишет, что чиновничий Омск так противен со своими сплетнями и вечными интригами, что не на шутку собирается его оставить и спрашивает Федора Михайловича, как это лучше устроить.

О преступных делах некоторых чиновников писали в то время прогрессивные ученые, писатели и путешественники, побывавшие в Казахстане. Сам Чокан тоже с негодованием писал о подобных злодеяниях своим петербургским друзьям – Достоевскому, Майкову, Курочкину, Гутковскому. Он упорно разоблачал махинаторов, пытался бороться с беззаконием, лихоимством.

К примеру, Чокану нередко приходилось сталкиваться с Виктором Ивашкевичем, чиновником по особым поручениям и советником генерал-губернатора Западной Сибири, замешанным в коррупционных схемах. Когда-то этот Ивашкевич начинал свою деятельность в революционном «Обществе черных братьев», которое сам же и создал, писал возмутительные стихи, за что был сослан в Сибирь. Там он изменил своим убеждениям и превратился в вымогателя и стяжателя.

Сам генерал-губернатор Западной Сибири Густав Гасфорт ничего не мог поделать с шайкой темных дельцов в своем окружении – взяточников и казнокрадов, наживавшихся на судебных делах, поставках хлеба в Семиречье и Заилийский край, на винном откупе. Именно об этом писал Достоевский: «…хотя в Сибири холодно, но чиновникам живется тепло».

Отсюда же корни неприятия Чоканом коррупции и взяточничества, которое четко прослеживается в его произведениях. Вот эту часть духовного наследия Чокана можно взять на вооружение для решения сходных проблем, стоящих перед современным казахстанским обществом.

### Великий поход

В 1858–1859 годах Валиханов совершил свою знаменитую поездку в Кашгар, которая принесла ему славу отважного путешественника и великого ученого. Результаты этой поездки – труды, посвященные истории, географии и социальному строю народов Восточного Туркестана. Среди них особенно интересна работа «О состоянии Алтышара», которую современники считали подлинным географическим открытием. Этот труд Валиханова явился весомым вкладом в народоведение, в отечественную и мировую науку.

Поездка в Кашгар, в Восточный Туркестан была сопряжена с не¬обычайными трудностями, лишениями, опасностями, утвердила за Валихановым славу отважного путешественника и неутомимого ученого-исследователя. Чокан стал первым ученым, открывшим для Европы Кашгарию.

Долгое время Кашгар оставался загадкой для науки. Кроме знаменитого землепроходца Марко Поло в XIII веке и Бенедикта Гое¬са, прошедшего из

Индии в Китай в XVII веке, были только два европейца, рискнувших туда отправиться: неизвестный офицер Ост-Индской компании, разоблаченный как английский шпион и битый бамбуковыми палками, а также немецкий ученый Адольф Шлагинтвейт, также разоблаченный и трагически погибший. Словом, иностранцев в Кашгаре не жаловали.

Поэтому, отправляясь в путешествие, Валиханову пришлось «превратиться» в купца Алимбая. Эту вынужденную роль он играл в течение 10 месяцев, пока не переступил границу родной земли.

Научный подвиг Чокана в свое время приковал внимание всего ученого мира. Труды Валиханова о Кашгаре печатались и в Лондоне, и в Берлине. В предисловии к английскому изданию трудов путешественников читаем: «среди отчетов о путешествиях в Среднюю Азию, представленных здесь, выдающееся место принадлежит сообщениям Валиханова».

В сообщении о путешествии Валиханова в Кашгар, напечатанном в одном из немецких журналов, также писалось, что «господин Валиханов единственный из европейцев ступил на эту землю». Таково было широкое признание мировой общественностью научной деятельности первого казахского ученого.

Затем Чокан жил в Петербурге, где работал в высшем военном учреждении – Генеральном штабе, а также Азиатском департаменте Министерства иностранных дел, Русском географическом обществе, членом которого он был избран в 1857 году, слушал лекции в Петербургском университете.

Он работал над составлением и изданием карт Средней Азии и Восточного Туркестана, принимал участие в подготовке к изданию трудов ученого Карла Риттера, обобщал материалы по географии, этнографии, истории Центральной Азии и Казахстана.



*Лагерь около р. Или в Западном Китае. Перо. 1856.*

## Осмыслить будущее

Выдающийся казахский писатель Мухтар Ауэзов безграничной дружбе Чокана и Достоевского посвятил такие слова: «В Чокане Валиханове Достоевский сразу угадал человека с ярким и необычным будущим, увидел общественного деятеля, который станет светочем своего народа. Через Достоевского Чокан познакомился с литераторами Майковым, Полонским, Крестовским; был знаком с Менделеевым, Добролюбовым, посетил в редакции «Современника» Чернышевского».

В результате бесед с Валихановым поэт Аполлон Майков написал стихотворение «Емшан», посвященное любви к родной земле, где есть такие строки:

…За грудь схватился… Все глядят:
Он – грозный хан, что ж это значит?
Он, пред которым все дрожат,-
Пучок травы целуя, плачет!

В письме Майкова Валиханову читаем: «...мы немного времени провели вместе, но я так полюбил Вас...».

В ученой и литературной среде, в которой вращался Чокан во время пребывания в Петербурге, он пользовался большим уважением и любовью. Григорий Потанин, первый биограф и друг Чокана, писал: «народ свой он любил... Он хотел ему добра, и служить будущему своего народа было его мечтой».

Валиханов прекрасно знал жизнь казахов, быт, нравы, обычаи, многовековую духовную культуру, прекрасно разбирался в сложнейших политических проблемах, в нуждах и чаяниях своего народа, глубоко чувствовал его потребность в развитии, в выходе из духовного тупика.

Чокана особенно волновал вопрос о пути, по которому должно пойти дальнейшее историческое развитие казахского общества. Путь экономического, политического и культурного прогресса казахского народа он видел в просвещении, в образовании. Он считал, что для нормального развития народа необходимы прежде всего свобода и знания.

В работе «Записка о судебной реформе» Чокан защищает интересы народа, высказывает мысль о том, что реформы должны учитывать насущные нужды простых людей, и утверждает, что полезны лишь те реформы, которые способствуют улучшению быта человека. Не правда ли, весьма актуальная мысль и в наши дни?

## Возвращение

Весной 1861 года тяжелая болезнь заставила Чокана оставить Петербург. Вернувшись в родной аул, он занимался изучением быта, истории народа, собиранием образцов устной поэзии. Мно-

го писал об отсталости, средневековье, страданиях бесправных народных масс, выступал против угнетения и несправедливости.

Однажды поверив, что можно «от власти создать счастье народа», Валиханов писал Достоевскому, что думал сделаться султаном, чтобы посвятить себя пользе соотечественников, защитить их от произвола чиновников. Но сделать это было не суждено. Умер Чокан Валиханов очень рано, в возрасте 30 лет. Он похоронен вблизи дороги у подножия Алтын-Эмельского хребта, примерно в 250 километрах от Алматы.

Любовь к родной земле, глубокая связь с народом позволяли ему заглянуть далеко вперед. Вся его деятельность пропитана страстным желанием просветить родной народ, приобщить его к сознательному определению своей судьбы, развитию национальной культуры.

О Чокане говорят, что он опередил время, и это стало его драмой. Власти относились настороженно к столь грамотному и одаренному человеку. Да и многими со-отечественниками он остался не понят. Но вот насмешка истории: на ту эпоху мы сегодня смотрим во многом его глазами. По словам профессора Жараса Ермекбая, идеи Валиханова о необходимости просвещения, образования, науки для развития народа, его активная деятельность в этом направлении были прогрессивными и имели сильное влияние на развитие общественной мысли в Казахстане.

По сути, Чокан адресовал свои главные мысли о будущем не тем, кто ждал от него отчетов о путешествиях в дальние страны. Он обращался к своему народу, к поколениям, которые будут жить после него, хотел донести до них мысль о том, как необходима, говоря современным языком, модернизация общественного сознания.

**Игорь ПРОХОРОВ**
**22 ноября 2019,**
**«Казахстанская правда»**

# ЧЛЕНЫ ПРЕЗИДИУМА РОО В РЕГИОНАХ

## г. КОСТАНАЙ

По инициативе председателя ФРОО генерала Дауенова М. Ю. организована встреча председателя ЦС РОО Бекназарова К.К. с начальником Департамента КНБ по Костанайской области полковником Кадырбековым Ж.З. (в центре), руководящим составом и членами Совета ветеранов. В ходе встречи на положительных примерах деятельности регионального Совета ветеранов обстоятельно обсуждены актуальные вопросы развития ветеранского движения органов национальной безопасности. На основании протокольного решения заслуженным ветеранам – Даценко П.В., Маулетову Г.Н., Сиянову П.С., Аетову М. Х были вручены знаки «Почетный ветеран КНБ РК».

## г. АКТАУ

Председатель ЦС РОО Бекназаров К.К. , как член Президиума РОО «Организация ветеранов Республики Казахстан» принимал участие в выездном семинар - совещании председателей областных Советов ветеранов, а также на торжествах по случаю открытия Главой государства Касым-Жомартом Токаевым историко-культурного Центра им. Абиша Кекильбаева. На семинаре Бекназаров К.К., выступил с информацией о деятельности ветеранской организации КНБ.В эти же дни состоялся актуальный диалог Бекназарова К.К., с руководством ДКНБ по Мангистауской области и членами Совета ветеранов. В ходе встречи с начальником Департамента генерал-майором Тайжановым Е.С., заместителем начальника ДКНБ полковником Пшаевым Н. Д., председателем ФРОО Шегимовым Д. обстоятельно обсуждены актуальные вопросы взаимодействия и социальной поддержки ветеранов ДКНБ. На встрече с личным составом акцентировано внимание на вопросах укрепления традиций преемственности поколений, патриотизме и стремлении безупречно выполнять свой служебный долг.

Заслуженным ветеранам вручены грамоты и знаки «Почетный ветеран КНБ РК». От имени Президиума руководству ДКНБ выражена благодарность за поддержку и внимание ветеранам.

# ТРАДИЦИЯМ ВЕРНЫ

**Из выступления Бекназарова К.К. на республиканском семинаре «ҚР ҰҚК органдарының ардагерлері» РҚБ төрағасының көшпелі семинар-кеңестегі баяндамасы (Ақтау қ., 2019 ж. 11 қазан)**

Қадірменді Бақтықожа Салахатдінұлы! Құрметті семинарға қатысушылар! Бүгінгі көшпелі семинар-кеңес Маңғыстау жеріне және бүкіл Республика үшін тарихи күндері өтуде.Кеше біз мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, ұлы ескерткіштің және мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың атындағы мәдени орталықтың ашылғанына куә болдық.

Құрметті төраға, жиналысымызды дәл осы күнге орайластырған идеяға біз ризашылығымызды білдіреміз.Сондай-ақ, облыс әкімі мен облыстық ардагерлер ұйымының жоғары деңгейі мен қонақжайлығы үшін үлкен рахмет.

Біздің ҰҚК ардагерлер Бірлестігі елімізде болып жатқан қоғамдық - саяси процестерден шет қалмайды. Маңызды тарихи оқиғаларға және естелік күндерге, ірі қоғамдық - саяси, спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларға тікелей қатысы бар.

ҰҚК ардагерлері Президенттің Қазақстан халқына Жолдауының мақсаттары мен міндеттерін толық қолдайды.РҚБ төралқасы ардагерлер, зейнеткерлер және Ұлттық қауіпсіздік органдарының жас қызметкерлері арасында мақсатты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Енді кейбір нәтижелерге қысқаша тоқталып өтейін. ҰҚК Төрағасы Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовтың назары мен қолдауының арқасында, ардагер-

лер қозғалысының тарихында алғаш рет біз ұзақ күткен оқиға болды. Бүгін біздің астананың Бүкіләлемдік «Экспо – 2017» көрмесі өткен әкімшілік ғимараттардың бірінде заманауи кеңсеміз бар. Біз үшін бұл үлкен құрмет және біз өте ризамыз.

Жуырда біздің кеңсемізде ҰҚК Төрағасы болды. Жағдайлармен таныса отырып, бәрімізге жемісті еңбек тілеп, бұдан әрі де ардагерлер қозғалысын қолдаймыз деп сендірді.

Бірлестіктің бірінші кезектегі және басым міндеттер ретінде көзге түсетін мәселелері- барлық санаттағы ардагерлер мен зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау, жаңа жұмыс түрлерін енгізу, ардагерлердің ақпараттық-насихаттау қызметіне қатысуы, жас қызметкерлерді патриоттық тәрбиелеу, жәрдемдесу, зейнеткерлердің әлеуметтік бейімделуі және жұмысқа орналасуы, ұрпақтар сабақтастығын сақтау.

ҰҚК Төрағасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа өмірлік және қызметтік тәжірибесін беру мәселелерін үнемі жетілдірумен, ұлттық қауіпсіздіктегі қауіп-қатердің алдын алуға жәрдемдесу жұмыстарымен үнемі айналысуманызды болып табылады. Өткен кезеңде ҰҚК органдарының ардагерлер қозғалысының одан әрі дамыту Бағдарламасына сәйкес ардагерлердің ақпараттық – насихаттау жұмысынақ атысуы қамтамасыз етілді. Жетекші өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті мақалалар, сұхбаттар және басқа да материалдар жарияланды. Жұртшылықпен кездесулерде ардагерлер қазіргі кезеңде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің түрлі аспектілерін, соның ішінде терроризм мен экстремизмге қарсы тұру мәселелерін көтерді. Тұрақты негізде мемлекет Басшысының «Болашаққа көзқарас: «Қоғамдық сананы жаңғырту» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларының негізінде әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы призмасы арқылы жастардың моральдық-адамгершілік рухани тәрбиесінің мәселелері қозғалды. Қауіпсіздік органдарының еңбегі сіңірген ардагерлерінің Комитет ұжымдары және жас қызметкерлерімен кездесулері, сөз сөйлеулер ұйымдастырылды.

Жалпы Бірлестік бойынша баспа және электрондық БАҚ-тарда (бұқаралық ақпарат құралдары) 48 материалдар, 61 сұхбат, 34 бейнеролик жарияланды, 12 кітап шығарылды және 2 деректі фильм түсірілді.

Мақсатты аудиторияларда 187 дәрістер оқылды, ардагерлер 57 конференциялар мен семинарларға, 19 дөңгелек үстелдерге қатысуы қамтамасыз етілді.

Өткен жылдық жиналыста алғаш рет «Ардагер» ардагерлер басылымын шығару дайындығы туралы атап өтілген болатын. Бұл айтулы оқиға болды! Енді өз басылымымыз бар. Біздің журналымызды көрсетуге рұқсат етіңіз.

Бүгінгі күні республиканың барлық ардагерлер ұйымдары айтулы күнге дайындалуда.Бұл фашизмді жеңудің 75 жылдығы.Басылымның мұқабасында көргендей-ардагердің фотосуреті және Ұлы Отан соғысына қатысушылардың осындай фотосуреттері әр журналда болады.Бұл біздің аты аңызға айналған майдангер, қауіпсіздік органдарының ардагері, полковник Шаймухан Мұханов, 10 орденнің кавалері, Ленинград облысы мен Алматы облысының Любань қаласының Құрметті азаматы. 2015 жылы ол өмірден озды.

Бұл журналда естеліктер, мерейтойлық шара, ардагерлерге қамқорлық көрсетуге арналғанманызды іс-шаралар туралы мақалалар, ардагерлердің әр түрлі

аудитория алдында сөз сөйлеуі және хроника ветеранской жизни. Әрине, біздің ардагерлер жұмысы мемориалды жадты нығайтументығыз байланысты, ол отансүйгіштік пен ұрпақтар сабақтастығынодан әрі дамытуғаықпал етеді. Барлық өңірлік ардагерлер ұйымдары осы бағытта белсенді жұмыс істеді. Бүгінде барлық облыстарда, Департаменттердің аумағында мемориалдық стеллалар мен тақталар орнатылған. Бұл бүгінгі бейбіт өмір, бостандық пен тәуелсіздік үшін өз өмірін қиған әкелеріміз бен аталарымызға жарқын естелік.

Бірлестік пен оның филиалдары 136 ардагерлерге – бұл Ұлы Отан соғысына қатысушыларына (14), тыл еңбеккерлеріне (68), жесір әйелдеріне (40) материалдық көмек көрсетілді. Тұтас алғанда ардагерлерге арналған әлеуметтік салаға РҚБ кассасынан 2 млн. 330 мың теңге бөлінген. Біздің өтінішімізбен жекелеген ардагерлерге Комитет ӘМД (Әскери-медициналық Департамент) арқылы санаторлық-курорттық емдеулерүшін жолдамалар берілді.

2018 жылғы сәуір айында Комитет басшылығының қолдауымен, РҚБ қамқорлығымен «Зодиак» клубында ҰҚК органдарының тарихында алғаш рет Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 73 жылдығына және Астана қаласына 20 жыл толуына арналған бильярд спортынан халықаралық турнир ұйымдастырдық. Барлығы Ресей, Белоруссия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Украинаның арнаулы қызметінің ардагерлер Кеңесі басшыларымен 121 қатысушылар келді. Айтпақшы, Көпболсын Әбдікешұлы Бекмағамбет бастаған республика ардагерлері де белсенді қатысты.7 елдің ардагерлер командаларын турнирдің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы және біздің қонақ жайлылығымыз таңдандырды.

Егер мүмкіндік болса, біз үшін ортақ бір басым міндетті қозғағым келеді. Бұл біздің жас ұрпаққа назар аудару мәселесі.Отанымызды өркендету жолында басты істердің қатарында қоғамның қозғаушы күші, оның белсенді бөлігі жастар деп санаған Елбасы, 2019 жыл-

ды-«Жастар жылы» деп атады. Елбасымыз жастардың бүгіні мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды.

Біздерді ойландыратын жағдайлардың тағы бір түрі-ол кейбір жастарымыздың нашақорлық жолдарына және де біздің қоғамымызға жат діни ағымдарға түсіп кетуі, соның салдарынан ауыр қылмыстар жасауы,шет мемлекеттердегі соғыс, қырғындарға қатысуы біздерді ойландыруға тиіс. Осы қиындыққа түскен жандардың жанұяларының біразы елімізге қайтарылса да, сол Сирияда жүрген жерлестеріміздің әлі де бар. Бұл жастарымыздың қоғамда жеткілікті тәрбие алмауының салдары деуге болады. Бүгіндері жастар тәрбиесі қоғамымызда мешеулеп қалған сияқты. Қатығездікпен жасалып жатқан ауыр қылмыстар, ересектер ғана емес, жас оқушы ұл-қыздарымыздан кездесіп жатыр.Бұндай жат қылықтар біз-ересек буындарды ойландырады, толғандырады.

Қазақ халқының «тәрбие тал бесіктен басталады» деген аталы сөзі бүгіндері ұмыт қалған сияқты. Бұл дертпен уақытылы қоғам болып күреспесек, оның келешекте зардабы ауыр болары сөзсіз.

Жастар тәрбиесіне әрбір жанұя мүшелері, оқу,қоғамдық орындарымен қатар, өмір мектебінен өткен зиялы азаматтарымызда шет қалмағандары жөн.

ҰҚК органдарының ардагерлері бастамашылардың игі дәстүрлерін жалғастыра отырып, күш жетерлік еңбекпен, белсенді өмірлік ұстаным мен мемлекетіміздің тұрақтылығыүшін ебек ететін болады, азаматтық жастармен қатар сондай-ақ, ҰҚК қызметкерлерінің жас ұрпақтарын патриоттық тәрбиесімен айналысады, президенттік бағдарламаларға және тұтастай алғанда, қоғамды және мемлекетті одан әрі дамытуға байланысты сұрақтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізеді деп сендіреді.

**Назарларыңызға рақмет.**

## г.АКТОБЕ

### *Генерал ИРМЕНОВ: Забота и внимание – моя жизненная позиция*

В соответствии с планом работы РОО «Ветераны органов национальной безопасности» и проведения в рамках страны общественно-политической акции «Рухани Жангыру», группа членов Президиума объединения, 27 октября 2019 года выезжала в г. Актобе.

Одной из целей поездки также являлось - чествование 70-летнего юбилея председателя Совета ветеранов ДКНБ по Актюбинской области, полковника в отставке Есмаханова Асана Бималиевича. Также группа ознакомилась с практикой работы по патриотическому воспитанию молодых сотрудников Департамента.

Как отметили члены группы, проводимая на данном направлении работа отвечает современным требованиям, строится в рамках общественно-политической ситуации и сложившейся практике по приобщению молодых сотрудников к оперативной деятельности.

В частности, заслуживает внимания тот факт, что еще не стадии подбора и изучения с каждым кандидатом проводится беседа 2-3 ветеранами, которые в дальнейшем составляют обобщенные справки с мнением о дальнейшей работе с кандидатом и возможностью его зачисления на службу.

Периодически данный вопрос обсуждается на Совете при начальнике ДКНБ. Следует данную практику распространить на другие филиалы РОО (и как стало известно, по результатам нашей информации руководством

КНБ уже дано поручение изучить данный опыт ДКНБ в рамках программы «Кара шанырак»). В актовом зале ДКНБ состоялась встреча с личным составом Департамента, в ходе которой начальнику органа от имени Президиума РОО были вручены памятные буклеты о работе объединения и книга о ветеранах Комитета.

Выступивший на встрече Председатель Президиума РОО полковник в отставке Бекназаров Кенжебулат Кокышевич в своем вступительном слове затронул ряд вопросов, в том числе и о преемственности поколений, об обстановке в которой сегодня работают сотрудники КНБ.

Член Президиума, полковник в отставке Рамазанов Женис Рашитович, в своем выступлении акцентировал внимание присутствующих на роли и месте ветеранской организации в воспитательном процессе. В частности, необходимости соблюдения всеми сотрудниками высокой воинской дисциплины, добросовестном отношении к выполнению служебных обязанностей, исполнительности и скромности поведения в личной жизни.

Выступавший член Президиума РОО, полковник в отставке Умаров Мурат Сагиданович рассказал о своей работе в Департаменте, бывших начальниках, их роли в становлении органов национальной безопасности.

В целом коллектив Департамента с должным вниманием отнесся к выступлениям ветеранов.

Завершая встречу начальник ДКНБ генерал – майор Ирменов Марат Гатауллинович высказал большую благодарность ветеранам заявив, что подобного рода встречи положительно воспринимаются сотрудниками, ока-

зывают необходимое воспитательное воздействие. Начальник Департамента провел экскурсию по административному зданию ДКНБ и его территории. Гости осмотрели служебные кабинеты оперативного состава, спортивный и тренировочный залы, отдельный зал для борьбы, стрелковый тир, столовую, поликлинику, комнату отдыха для водительского состава, дежурную комнату.

Особо следует отметить, что оперсостав обеспечен всем необходимым для успешной работы. К услугам сотрудников банкомат, своя фотостудия, комната отдыха для личного состава и др.

Проявлением заботы о ветеранах является строительство и ввод в эксплуатацию отдельного двухэтажного здания для ветеранов ДКНБ, где созданы все условия для успешной деятельности. К услугам ветеранов оргтехника, телевизор, бильярд, оборудованный всем необходимым буфет, комната отдыха и др. В рабочие дни с 9:00 до 18:00 час. организовано дежурство по графику членов Совета ДКНБ. По мнению членов группы, работа филиала РОО по Актюбинской области заслуживает одобрения и распространения их опыта на другие филиалы.

Члены Президиума были приятно удивлены высоким уровнем заботы и внимания лично со стороны началь-

ника ДКНБ генерала Ирменова М. Г. к ветеранам и в целом к личному составу Департамента. Как он сам подчеркнул для него, забота и внимание к своим сотрудникам и старшему поколению, является одним из главных приоритетов его жизненной позиции.

От имени Президиума РОО «Организация ветеранов Республики Казахстан» руководству ДКНБ выражена благодарность за поддержку и внимание ветеранам.

**Женис РАМАЗАНОВ,**
**член президиума РОО,**
**почетный ветеран КНБ**

МҰРАЖАЙ

Асан
Бималиев

# «ЗАСТАВА ТАРЛАНДАРЫ» ВЫХОДИТ НА СВЯЗЬ

**Общественное объединение ветеранов-пограничников Республики Казахстан «Застава Тарландары»**
**Год основания: 2009**

**Общая численность- - более 2500 человек**

**Председатель: генерал-майор Беркалиев Хусаин Имангалиевич**

Ветераны Казахстана не без иронии вспоминают, что на старте общественной работы они, по сути, исполняли функции «похоронной команды» — деятельность созданного в постсоветском государстве совета заключалась в организации достойных почестей при погребении умерших коллег. В отдельных случаях совет оказывал материальную помощь нуждающимся ветеранам. При таком скудном «репертуаре» членство в организации носило формальный характер. Поэтому в Алматы было сформировано общественное объединение ветеранов-пограничников «Застава Тарландары». В состав республиканского совета и советов региональных подразделений вошли ветераны, имеющие богатый организаторский опыт, люди, облеченные доверием коллег. Председателем объединения стал генерал-майор в отставке Хусаин Беркалиев.

К тому времени связь со многими ветеранами была утрачена. Этому в немалой степени способствовал перевод телефонной сети на цифровую связь с изменением абонентских номеров. Поэтому работа началась с созданияэффективной системы оповещения. Для решения этой задачи в приложении WhatsApp был организован чат, доступный каждому члену ветеранской организации на всей территории Казахстана. Это позволило руководству объединения получить живую связь с

ветеранами, своевременно реагировать на их чаяния, нужды и запросы.

В настоящий период структура «Заставы Тарландары» представляет собой сеть филиалов в городах Нур-Султан, Алматы, Восточно-Казахстанской, Алматинской, Жамбылской, Костанайской и Мангыстауской областях которые обеспечивают активное участие всех ветеранов Казахстана в общественном движении.

С учетом того, что самым многочисленным в объединении является Алматинский городской филиал, его совет организовал выпуск ежемесячного информационного бюллетеня «Ветеран границы», на страницах которого рассматриваются актуальные вопросы общественной работы.

Следующим шагом стало налаживание взаимодействия с руководством ПС КНБ Республики Казахстан. Этот процесс получил мощный позитивный импульс с приходом на пост руководителя Пограничной службы генерал-майора Д.А. Дильманова. Он регулярно проводит встречи с ветеранами, вникает в суть проблем и принимает меры к их разрешению. Командование соединений и частей Пограничной службы оказывает поддержку в проведении военно-патриотических мероприятий. Возобновлена практика добровольных денежных пожертвований от действующих офицеров в фонд ветеранского объединения.

В здании Регионального управления «Шыгыс» в Алматы для ветеранской организации выделено дополнительное помещение, в котором разместился досуговый центр. В свою очередь «Застава Тарландары» активизировала свое участие в патриотическом воспитании военнослужащих. Ветераны передают



им служебный опыт предшествующих поколений. Особое внимание уделяется работе с офицерами и слушателями Военного института ПС КНБ Республики Казахстан.

Налажено взаимодействие ветеранского объединения с республиканскими и местными органами власти. Учитывая потребности ветеранов, руководство города Нур-Султана выделило для них помещение в выставочном комплексе «ЭКСПО».

Проведена большая работа по увековечению имен пограничников-героев. Установлен мемориал на территории Жаркентского (Панфиловского) пограничного отряда в память о 17 воинах-интернационалистах. К 100-летию со дня рождения Героя Советского Союза генерал-лейтенанта М.К. Мерку-

лова его имя присвоено школе и одной из улиц села Новая Шульба Восточно-Казахстанской области, а также заставе «Есекарткан» Чунджинского пограничного отряда. Застава «Чаган-Обо» Зайсанского отряда названа именем полковника Р.А. Закиева, трагически погибшего в авиакатастрофе при исполнении воинского долга.

При активном участии местных органов власти и общественности приграничных районов были организованы торжества в честь юбилеев образования Чунджинского и Курчумского отрядов. Идет подготовка к 95-летию Жаркентского (Панфиловского) пограничного отряда. Для доставки ветеранов к месту проведения мероприятий по распоряжению руководства ПС КНБ выделяются авиация и автотранспорт.

Заботой окружены ветераны — участники Великой Отечественной войны и трудового фронта. В силу их преклонного возраста работа проводится индивидуально. Каждый участник войны находится под опекой воинской части, офицеры которой совместно с членами ветеранской организации посещают подопечных на дому и сопровождают на мероприятиях, вручают подарки, обеспечивают материальную поддержку.

В центре постоянного внимания объединения находятся также участники войны в Афганистане, событий на острове Даманском и озере Жаланашколь, интернациональной миссии на таджикско-афганской границе. Так, в феврале текущего года в Алматы состоялось празднование 30-летия вывода советских войск из Афганистана. По представлению республиканского совета участники боевых действий на территории ДРА были награждены медалями и грамотами.

Важным направлением деятельности «Заставы Тарландары» остается достижение достойного уровня социаль-

ной и материальной обеспеченности каждого ветерана. Ее актив следит за условиями проживания, бытом представителей старшего поколения. Все оставшиеся без попечительства родных находятся под постоянным контролем. К примеру, только в текущем году совет ветеранов Алматинского городского филиала выявил двух человек, утративших связи с родными. Одинокие люди получили моральную поддержку и были устроены в пансионат. Двум семьям руководство организации оказало помощь, предоставив средства на ремонт квартир.

Члены ветеранского объединения регулярно выступают перед студентами и школьниками. Предметом особой гордости «Заставы Тарландары» является пограничный кадетский класс, созданный в школе поселка Отеген-Батыр Алматинской области. Ребята привлекаются к участию во всех публичных мероприятиях, которые проводят ветераны и Алматинский гарнизон. Планируется распространение этой практики.

Ветераны Казахстана придают важное значение взаимодействию с коллегами из других государств Содружества. В республике нередко проходят совместные мероприятия.

Люди и история...

ЕСТЕЛІК

# АУЫР СЫННАН ӨТКЕН АРДАГЕРЛЕР

***Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жұмысы құпия болғандықтан, зейнеткері мен ардагерлері туралы ашық жазуға мүмкіндік болған жоқ. Сол себепті, басым көпшілігінің есімдері елге танылмай, еңбектері еленбей келгені рас. Қанша жылдар өткенімен әлдеқашан дүниеден өзған алдағы буын ағаларымыздың атқарған құпия жұмыстарын бүгін де көпшілікке жария етуге болмайды. Өйткені, тәуелсіз еліміздің қауіпсіздік органдарына кесіріміз тиіп кетуі мүмкін. Дегенмен, өмірден өткен кейбір ардагер ағаларымызды еске алып, ізгі қасиеттері мен өнегелі өмір жолдарын баян етуді жөн көрдік.***

Ұлттық қауіпсіздік комитетінде 25 жылдай жұмыс істедім. Бұл жұмбақты мекемеге жетпісінші жылдардың орта шенінде келдім. Басқарма бастығы полковник Қозеке Бишімбаев жылы қабылдап, бөлім бастықтары подполковник Мұрат Бергалиев және подполковник Қуандық Пікірбековпен таныстырды. (Сол кезде басқармада екі-ақ бөлім болатын). Олар мені бірден қамқорлығына алды. Екеуі де сауатты, білімді кісілер екен. Ақыл-кеңес беріп, жаңа қызметті тез меңгеріп алуға көмектесті.

Айта кету керек, қауіпсіздік органдарында ұстаздық немесе жетекшілік деген болмайды. Қызметкерлердің жұмысына, тікелей бастықтарынан басқа адам араласып, көмек көрсетуге тиым салынған. Себебі, оларға тапсырылған жұмыс құпия болып саналады. Әріптестері бір-бірінің немен айналысып жатқанын білмеулері керек. Тіпті, тәжірибелі қызметкерлер кабинетіне біреу кіріп келсе, жазып жатқан бетін көрсетпей, қағаздарын аударып қоятын еді. Дегенмен, жас қызметкерлердің қиналып жүргенін көріп, аға буын ағаларымыз қызметіне байланысты оларға бағыт-бағдар беріп, жазғандарын түзетіп, кейде түгелдей өздері жазып беретін.

Пікірбеков ағамыздың жаңадан қабылданған жас қызметкерлерге осындай «жасырын» ұстаздық көрсетіп жүргенін талай көрген едік. Сонымен қатар тамаша әңгімеші еді. Біз білмейтін, естімеген, сыры ашылмаған әңгімелер айтатын. Қауіпсіздік органдарының қолымен жүргізілген репрессияның себебі мен салдары туралы алғаш рет осы кісіден естідік. Кезінде Балтика жағалауындағы «Орман бауырлары» бандаларымен бетпе-бет соғысқан (1945-1947 ж.ж.) және Тәжікстанның Таулы Бадахшан аймағындағы Кеңес өкіметінің жауларымен және Ұлы Отан соғысы кезіндегі дезертирлер мен Қызыл әскерге шақырудан бас тартып, қашқын адамдарға қарсы жүргізілген операцияларға қатысқан.

Қауіпсіздік органдарында 37 жыл жұмыс жасаған, тергеуші болған, кадр бөлімінде жұмыс істеген, кейін басшылық қызмет атқарған. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті ардагері. Қазір қамқорлығын көрген ардагерлер кездескен кезде Пікірбеков ағамызды еске алып, мақтанышпен айтып отырады.

Басқарма қызметкерлері қарсы барлау бөлімінің бастығы Бергалиевке ерекше іззет көрсететін еді. Әріптестері оның ізгі қасиеттерін жоғары бағалайтын. Расында, ұзақ жылдар бойы облыстық басқармада жұмыс істеп, елінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында адал қызмет етті. Осы саладағы жетістіктері де аз болған жоқ. Жасыратыны жоқ, Қазақстанда КСРО Қорғаныс минстрлігінің әскери полигондары көп болатын. Қазір Арал теңізіндегі «Возрождение» аралында биологиялық қару сынақтан өткені жалпыға мәлім. Бұл полигонға АҚШ-тың барлау органдары барынша қызығушылық танытып отырды. Олар агенттерін жіберіп, полигондағы болып жатқан жағдай туралы бар шындықты білгісі келді. Бұл жайында КСРО КГБ органдары облыстық басқарманы уақытылы хабардар етіп, іздеу жұмыстарына бағыт көрсетіп отырды.

Нәтижесінде, «Возрождение» аралының құпиясы сақталып қалды. Кейін АҚШ-тың барлау органдары «Возрождение» аралындағы өтіп жатқан сынақ туралы толық мағлұмат алалмағандарын мойындауға мәжбүр болды. Есімде, шетелдік азаматының бірі Байқоңыр және Арал теңізі маңайындағы шағын станцияларға тоқтаған жолаушылар пойызынан түсіп, ауа жинастырып және жер қыртыстарынан топырақ алып ( пробы воздуха и почвы) шыны сауытына салып жатқаны. Әрине, бұл жағдай дереу Мәскеуге хабарланып, сезікті кісіге байланысты мәскеулік чекистермен бірге тиісті жұмыстар жүргізді. Өкінішке қарай, қауіпсіздік органдарының қызметі құпия қызмет болғандықтан Бергалиевтің атқарған жұмысын, қанша уақыт өтсе де, ашып жазуға мүмкін емес. Біз жасымыздың айырмашылығына қарамастан жақсы қырым-қатынаста болдық. Әйелі, екі баласы болды. Жастықпен үйленген шығар – әйелі орыс еді. Кейде үйге келіп, кішкентай балаларымды көтеріп, еркелететін. Бірге ас ішіп, кетерінде: «Ана тілінде сөйлесіп, рахаттанып қалдым!» дейтін еді, марқұм. Отставкаға шығып, туған жері Оралға қоныс аударып. сол жақта дүние салды.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері Ақай Альменов, Николай Шастов және Алексей Кузьменкомен бірге жұмыс істедім. Кейінірек отставкаға ертеректе шыққан соғыс ардагерлері Төлеген Идрисов, Сергей Галкин, Пірмағамбет Удербаев, Николай Прачкин, Мадеш Арынғазиеа және Әбдібек Кәрібаевпен таныстым. Олар басқармада өтетін іс-шараларға қатысып, жас қызметкерлерді тәрбиелеуге белсенді араласып жүрді. Айта кету керек, олар өте мәдениетті және сыпайы болатын. Қан майданнан келдік деп, ешуақытта өздеріне жеңілдік сұраған емес. Антына берік, ісіне адал азаматтар еді.

Жалпы соғыс туралы көп әңгіме айта бермейтін. Ұлы Отан соғысы кезіндегі олардың жанкешті ерліктері туралы қаіпсіздік органдарында сақтаулы жеке істерінен оқып білетін едік. Отставкадағы капитан Әбдібек Кәрібаев соғыс кезінде барлаушы болған екен. Талай рет жау тылына барып «тіл» әкелген. Бірде барлаушылар тобымен бірге жау тылына барып, фашистердің қарсылық көрсетіп, оқ жаудыртқанына қарамастан жоғары шендегі вермахт офицерін байлап алып келген. Осы ерлігі үшін Кәрібаев Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Бұл жайында майданда бірге болған қарулас достарының бірі Ш.Қалабаев «Подвииг разведчика» атты мақаласында былай деп жазды:

***«Наша войсковая часть подошла к Одеру, где разведгруппа получила задание достать « языка» с западного берега. Темной ночью, переждав артобстрел, мы переправились через реку, где нас ждала сильно укрепленная крепость фашистов. Все открытое пространство простреливалось, что затрудняло выполнение задания. Вдруг мы обнаружили провод связи и решили, что он может «привести» к какому-нибудь пункту. Абдибек увидел, что в метрах в шестидесяти движется какая-то тень. Когда мы схватили немецкого офицера и проверили его документы, то оказалось, что нам очень повезло: он оказался полковником немецкой армии. Вскоре вернулась и группа захвата, ведя за собой двух пленных. Когда мы переправлялись через реку, фашисты открыли яростный огонь, под которым погибли два разведника и два «языка». На берег был доставлен только один пленный полковник. Он дал ценные показания...».***

Кейде соғыс ардагерлерін әңгімеге тартатын едік. Бір қызығы, ағаларымыз көп жағдайда өздері жайлы емес, Жуков, Василевский және Рокоссовский сияқты армия қолбасшылары жайында айтатын. Бірде ардагерлер арасында орыс жазушысы Александр Бектің «Волоколам тас жолы» атты кітабы талқыланды. Кезінде кітап «Арпалыс» деген атпен қазақ тілінде жарыққа шыққан болатын. Бұл кітаптың кейіпкері есімі аңызға айналған атақты Бауыржан Момышұлы екені белгілі. Жазушы кітапты соғыстан кейін емес, соғыс қызып тұрған кезінде Бауыржан ағамыздың жанында жүріп жазған еді. Бауекең оған ескерткен: «Кітаптің әрбір тарауын әкеліп көсетесін. Соғыс туралы шындықты жазбасаң, қолыңды қылышпен шауып тастаймын» деп. Расында, бұл кітапта соғыс туралы барлық шындық жазылған.

Соғыстан кейін «Волоколам тас жолы» шетелдің бірнеше тіліне аударылып, Бауыржан Момышұлының тұлғасы үлгі-өнеге айналған еді. Осы уақытқа дейін Финляндия мемлекетінің әскери академиясында «Волоколам тас жолы» кітабы оқу құралы болып есептеледі. Бұл кітапты курсанттар міндетті түрде оқу керек. Куба революционерлері Фидель Кастро, Че Гевара және басқалары «Волоколам тас жолы» кітабын қолдарынан ешуақытта тастамаған. Израиль мемлекеті 1946 жылы құрылғанда, «Волоколам тас жалы» кітабын әрбір жауынгерге таратып, оқуға міндеттеген. Олар жауынгерлерін рухтандыру үшін осылай істеген көрінеді. Кезінде атақты орыс жазушысы Константин Симонов: «Бұл кітап әлі дұрыс бағасын алған жоқ» деген екен. Расын айтқанда, кезінде кітап түгіл, кейіпкері де өзіне лайықты бағасын алалмады. Орыстар генерал және Кеңес Одағының Батыры атағын бермеді. Қазақстанда Бауекеңді ұлтшыл деп айыптады. Тек, Елбасы Н.А.Назарбаевтің табандылығының арқасында, 1990 жылы 12 желтоқсанда оған (посмертно) Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Әрине, адамның еңбегін тірі кезінде бағалап, лайықты құрмет көрсеткен дұрыс. Өкінішке қарай, көп жағдайда дүниеден өткеннен кейін тұлғаларды еске алып, құран оқылып, ас беріліп жатады. Десе де, бұл игілікті іс-шаралар марқұмдар мен ұрпақтарына керек. Діни кітаптардың бірінде: «Артында қалған ел-жұрт рухыма құран бағыштап, мені еске алса екен. Жақсылықтарым туралы айтса екен. Құдай-

*Капитан Прачкин Н.Ф., капитан Галкин В.Т., майор Акшалов К. старшина Арынгазиев К., лейтенант Карибаев А., майор Альменов А. капитан Бакиров А. Қызылорда қаласы, 1966 жылғы 23 ақпан*

дан мен үшін рахым тілесе екен!» деп, үміттенеді дейді. Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің Ардагерлер кеңесінің бастамасымен Ұлы Отан соғысы Жеңіс күнінің 70 жылдығына байланысты дүниеден өткен ардагерлерінің құрметіне ас беріліп, мақұмдардың аруақтарына дұға оқылып, құран бағышталған еді.

Департаменттің бұрынғы басшысы отставкадағы полковник Нұрахмет Ерали олардың есімдерін жиналғандарға жария етті. Олар: Ұлы Отан соғысының ардагерлері Алтай Әлменов, Қабаш Ақшалов, Николай Шастов, Николай Кузьменко, Мади Арынгазиев, Абдугани Бәкіров, Нури Бисимбаев, Жұпар Бодықов, Зұлқарнай Құлжабаев, Төлеген Ідірисов, Пірмағамбет Үдербаев, Орынбасар Ахметов, Сейтағзам Ахметов, Жармахан Ахметов, Нұртай Әбуов, Серік Бодықов, Мұхтар Бекенов, Тұрғанбай Ділдабеков, Сапа Жаппасбаев, Әділ Сүгірбаев, Сейтмұрат Саткеев, Қабыл Мақашев, Абылай Мырзабаев, Төрехан Нұрымов, Рафкат Насибуллин, Кеңес Елімбаев, Зәмір Кобландин, Болат Қаражігітов, Байдалы Тыныштықбаев, Абибулла Шалғынбаев, Марат Әбенов, Шәріп Сардаров, Фарид Ибрагимов, Сабит Қуандықов, Қайрат Ибраимов, Тельжан Қуанов, Берік Суюнов, Ақәділ Смайлов, Аббат Елеуов және Марат Шілманов.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің зейнеткерлері мен ардагерлерінің есімдері баспа бетінде алғаш рет жарияланып отыр. Естелік асқа облыстық және қалалық Ардагерлер кеңесінің басшылары, қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен еске алушылардың жақын туыстары қатысты. Аса құрметпен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдері аталды. Олардың ерлік істерін ешқашан ұмытуға болмайды. Келесі жылы Ұлы Жеңістің 75 жылдығы аталып өтеді. Осы маңызды датаға байланысты Ардагерлер кеңесі департамент ғимаратына соғыс ардагерлеріне арналған мемориялдық тақта орнату туралы басшыларға ұсыныс жасады. Бұл іс-шараның кейінгі жастарға үлгі болатыны, бойына патриоттық сезім ұялатыны сөзсіз.

**Әмірхан БӘКІРҰЛЫ**
**Ұлттық қауіпсіздік комитетінің**
**құрметті ардагері,**
**отставкадағы полковник**

# ЕРЛІГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛҒАН АЗАМАТ

**Білесің бе,**
**Отанның сен не екенін?**
**(екі өмір жоқ,әрине, жоқ екі өлім)**
**Екі Отан жоқ.**
**Жалғыз Отан – мекенің.**
**М.Мақатаев**

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында Мәскеуден оқу бітіріп қызмет бабымен Семей қаласына қызметке тағайындалдым. КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Семей облысы бойынша басқармасында тұңғыш рет Төлеухан Қыдырпатшаұлы Боқажановпен кездесіп, таныстым. Барлық жұрт ол кісіні Төлеухан Кадырович деп атайды екен. Ұзын бойлы, арықша келген, аққұба, әдемі өңді, жылы түсті азамат басқармасының бастауыш партия ұйымының хатшысы, барлау бөлімінің басшысының орынбасары екен. Беделі жоғары, тіпті облыстық партия активті ол кісімен санасып, сыйлап, құрметтейтініне көзім жетті. Сөзге өте шешен, орысша – қазақша бірдей, тіпті ағылшын тілінде жетік меңгерген, оның үстіне Ауған соғысына қатысқан соғыс ардагері.

Шынын айтсам, оның артындағы өкшесін басып келе жатқан жастардың: «Шіркін- ай, Төкең ағамыздай болсақ» деген ақ ойларын талай естігенмін. Менде солардың бірімін. Жүре жақын таныса бастадық. Улатпай-шулатпай, аса бір білгірлікпен қызметтік істерін әсіресе қоғамдық жұмысты ұйымдастырудың шебері болатын.

Қысқасы барлығымыз Төке, Төлеухан Қадыровичтың айналасында балға жабысқан шыбындай үймелеуші едік.

Міне, содан бері ондаған жылдар зымырап өте шығыпты. Бүгін Төлеухан Қадырович жөнінде жинаған деректерімді сараптамадан өткізіп, оның және ата-бабаларының өткен өмірі мен ғұмырының өзі неге тұрарлықекенін мойындап, артымыздағы жасөспірімдерге үлгі боларлық қыр-сырларын тапқандаймын.

Төлеухан Боқажанов 1942 жылы көкектің 15-ші жұлдызында Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында дүниеге келген. Бал-дәурен балалық шағы жері жайсаң, таулы, сулы Зайсан өңірінде өтіп, замандастарының алды болып ер жетеді. Орта мектепті тәмамдаған жасөспірім Төлеухан Зайсан қаласындағы кәсіптік техникалық училищесінде, артынан автокөлік жүргізушілерін дайындайтын ДОСААФ мектебін бітіреді. Бұдан алған мамандықтарының кейінгі өмір жолында пайдасы тиеді. Ол туралы кейінірек айтармыз. Үлкен ел азаматы болу жолында, халқына дәстүрлі қызмет көрсету үшін білім, білім тағыда білім алу керектігін ерте ұққан жас жігіт Төлеухан Өскемен мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, студенттер қатарына қосылады. Сол заманда жоғарғы оқу орнындағы студенттерді

әскер қатарына ала беретін заңы болатын. Осыған орай Төлеухан Қадырович Калининград қаласындағы СССР қарулы күштерінің Прибалтика әскери округінен бірақ шығады.

Отан алдындағы азаматтық борышын атқаруда туған елінде алған мамандықтары мен жоғарғы оқу орнында біразын оқыған тәжірибелері пайдаға асады. Техникадан хабары бар, айналасындағылармен тіл табыса алатын қасиеті жасжауынгер Төлеуханға абырой мен бедел әкеле бастайды. Отандық әскери жаттығу көлемінде БТР-60П мен Неман өзенін әдіс-айламен өткеніушін оған КСРО-ның қорғаныс министрінің алғысы жарияланды. Сонымен бірге жаңа техниканың үздік жүргізушісі ретінде Рига қаласында өткен әскери шеруге қатысады. Жалпы солкезеңдерде Инстенбург дивизиясының қолбасшыларының әртүрлі марапаттарын он сегіз рет алған екен. 1962 жылы әскери-барлаушы, гвардия старшинасы Боқажановты өз еркімен арнайы тапсырмамен Кубаға дайындайды, сол сәттерде партия мүшелігіне кандидат болып қабылданады. Әскер қатарында жүріп бір жылдық саяси мектепті бітіреді.

Совет армиясы қатарында шынығып, жетіліп, өмірге деген түсінігі кеңейген Төлеухан Қадырович 1965 жылы Алматы қаласындағы шет тілдері мұғалімдер институтының ағылшын тілі мамандығы факультетіне түседі. Бұл кездерде азда болсын өмір мен әскери сынақтардан өткен, жай ғана өтіп қоймай оның қиыншылығы мен ауыртпашылығына мойын бермей өзін көрсете білген, алды-артын бағалап, қарай білетін ойы озық студент болғанының куәсі, жоғарғы мектеп қатарындағы белсенділігі, қоғамдық жұмыстарға тығыз араласуы. Міне, мінезі мен профессорлардың арасындағы сенімін нығайтып, абыройын көтеріп, оқуын үздік аяқтайды.

Бәрімізге әйгілі КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің құрамына кіруі жайдан жай емес, біріншіден, оның бойындағы намысшыл, отан- сүйгіштік, әділ, ары таза, туған халқын құрметтеп, сүйетін қасиеттерінің нәтижесі болса, екіншіден,ол органға терең білімді, сегіз қырлы бір сырлы, арғы-тегі күмәнсіз таза жандарды ғана өткізетін. Сондықтан жоғарғы мектепті тәмамдаған шағында Төлеухан Боқажановқа мемлекеттік қауіпсіздік комитеті құрамына баруына ұсыныс жасалған.

Жасынан өжет, батыл, өткір мінезді, білімі мен парасаттылығы жетілген Боқажановты бірден Одақтық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Минск қаласындағы жоғарғы курсына оқуға жібереді. Оны үздік аяқтаған Төлеухан қарапайым жедел қызметкерден әскери еңбек жолын бастайды. Басынан не кешпеді дейсің, оның бәрін тізбектеп айта беретін Төкең, Төлеухан Қадыро-

вич емес, жай ғана күлімсіреп, ақырын ғана сөзін басқаға аударып кететін. Міне, осындай қарапайым қызметтен бастаған жерлесіміз артынан өсіп-өніп, Семей, Талды-Қорған, Алматы қаласы және облыстарында сыртқы барлау бөлімдерін басқарады. Кейіннен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, «Барлау» қызметінің орынбасар бастығы болды. Қарапайым ауылдан шыққан қарадомалақ бала лейтенанттан офицерлік үлкен шен полковник атағына дейін жетті. Мұның барлығы талаптану, тырысу, іздену, білімді ұштау ең басты жанындағыларды ұғып түсіне білудің арқасында іске асқаны анық.

Сөзге шешен, елгезек, жылдам ойлайтын мінезінің бір қырын өз көзіммен көріп, естігенім бар. Ертеректе шекара аумағы маңында жайғасқан бір кеңшарда барлаушылар, қарсы барлаушы басшылары мен офицерлерінің бас қосқаны бар. Барлық жұмыс тиянақтылықпен нәтижелі аяқталғаннан соң, жергілікті шаруашылық басшысы қазақша дәстүрмен, қой сойып, бас тартып, дәмтатқызған. Жігіттердің көңілі көтеріңкі. Сол сәтте кеңшар директоры Секен деген ақ көңіл, қушыкеш, азамат кенеттен сұрағым бар деп қолын шошайтады. Айта ғой, айта ғой деп жігіттер шулай түседі.

Сәкен: Әй, Төке сіз менің досымсыз-барлау бөлімін басқарасыз.

Ал мына қарсы барлаудың құдайы Тілекте менің досым.

Мынау не айтар екен дегендей, киіз үйдің ішінде шыбынның ызыңы ғана естілетіндей тыныштық орнаған. Секен сәл ғана күлімсіреп, сонда сендердің қайсысың күштірексіңдер, осыны ұқпадым,- деп жан-жағына не дер екен дегендей сынды көз жүгіртіп сөзін аяқтайды.

Тілек өте білімді, нағыз кәсіпқой қарсы барлаушылардың арланы еді ғой, бірден инструкция, бұйрық бойынша негізгі міндеттері, қандай жайларды қатты бақылауға алатынын тәптіштеп айтып түсіндіре жөнелді. Біраз уақыттан кейін барып сөзін доғарды.

Секен үнсіздікті бұзып ойбай, Тілек мына әңгіменнен кейін өмір сүріп қажеті не, шатақ екенсіз ғой деп езу тартады. Тыныштық, ешкім дыбыс жарып шығармайды.

Тілек ағамыз кеудесін кере, ал енді істеп көріңдер дегендей шалқая түсуде. Барлығымыздың көзімізде, құлағымыз да Төкең, Төлеухан Қадыровичта. Ол не айтар екен дегендей ақырын ғана көзіміздің астымен сүзе қараймыз.

Біраз ойланып, толғанып, Төлеухан Қадырович: Иә, мына менің досым Тілек нығыздап, ештеңені қалқада қалдырмай айтты ғой, оданда мен сендерге бір аңыз әңгіме айтайын деп жай ғана қоңыр, сабырлы даусымен бастайды: Ертеде алғашқы өмір сүру қоғамында адамдар таудың қуыстарын, үңгірлерді үй етіп пайдаланған көрінеді. Онда бүкіл тайпамен от жағып, ас пісіріп тіршілік еткен. Үңгірден шықса жабайы ит-құс, жыртқыштардың тырнағы мен тісінде қалады. Не істеу керек? Сонда тайпа жетекшісі жанына сақадай сай, денелері шымыр, шыныққан жігіттерді іріктеп қолдарына тас қаруларын алып үңгірден шығып, қай жерде, қандай аңдар жүргендерін байқап, ебін тауып, қолға түсіріп, етін қандастарына әкеледі екен. Оны пісіреді, тойғанша жейді. Сонан соң тайпа жетекшісі тойған қарнын сипап жан-жағына көз жүгіртіп, олар аңға кеткенде үйде қалған ақсақ-тоқсақ, соқыр-моқырлардың біреуін саусағымен икемдеп өзіне шақырады. Шойнаңдап келген анау

иә, тақсыр не бұйырасыз,-дейді. Сонда жетекшінің:

Біз жоқта тайпа тәртібі қалай болды?-дегеніне анау ақырын сыбырлап анау әйтті, мұнау бүйітті, анау анаған барып қойды деп хабарды құлағына құя бастайды.

Төкең, Төлеухан Қадырович басын жоғары көтеріп, отырғандарға тік қарап көрдіңдерме: Аңға шығып, оның қайда екенін біліп, оны ұстап, етін әкелген жігіттер барлаушылар, ал енді үйде өсек жинап жүретіндер ол аналар деп-Тілек жағына иек тартады.Мұндай әңгіменің боларын тоспаған Тілек орнынан ұшып тұрып,әй, осы сен қайдағыны қыртасың деп қолын бір сілтеп далаға атып шығыпты.

Жігіттер ду күлкінің астында.

Осы қысқа әңгіменің астында ағамыздың асыл қасиеттерін,сыпайылығын, қажетті болғанда әркімдердің ыстығын су сепкендей басатын,керегінде орын-орнымен нығыздап нақты шындықты бетіне айтатын шешен сөзі мен тура мінезіне таң қалатынбыз. Әрине оның мұндай қасиеттері беделі мен абыройын өсірмесе төмендетпейтін. Сондықтан деңгейі биік, білімі терең,әңгіменің астарын сөгетін, көрегенді, парасатты адамдардың жолы ашық, мәнсабы жоғары болатыны белгілі.Міне, Төлеухан Қадырович солардың бірі десем артығы болмас.

КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, сыртқы барлау қызметінің полковнигі Боқажанов Төлеухан Қадыровичтың әскери өміріндегі ең ауырда,қауіпті жағдайларының бірі 1980-1981 жылдары Ауған соғысына қатысуы.Ол Москва түбіндегі бір қалада арнайы дайындықтан өтіп "Каскад" арнайы диверсиялық қызметінің Қазақстан барлаушыларынан тұратын "Алтай" отрядының құрамына кірген.

Жалпы "Каскад" арнайы туралы "Вымпел группа специального назначения КГБ СССР" кітабында издательство AV-Пресс, Москва 1997ж былай көрсетілген:

"Советские войска все более втягивались к афганским моджахедам. Моджахеды предпочитали не вступать в открытый бой с регулярными частями. Противодействовать применяемой ими тактике партизанской войны следовало адекватными средствами и методами. И тогда по приказу КГБ СССР был сформирован и направлен в Афганистан разведывательно-диверсионный боевой отряд "Каскад" . Отряды "Каскад" пробыли в Афганистане до весны 1984 года. На счету "каскадеров" немало боевых операций, разведывательных и диверсионных акций".

Ауғанстанның өрт тұтанған аймақтарында арнайы құпия операциялар жүргізу үшін "Каскадтың" "Алтай" атты құрылымын Қапшағай қаласындағы әскери-әуе күштерінің базасына шоғырландырып 500-ден астам мамандандырылған резервистерді іріктеп, тексеру сынақтары өткізіледі.Алдағы қойылған іс өте жауапты болғандықтан, барлаушылардың жеке жағдайы, адамгершілік-психологиялық мықтылығы, іскерлігі, белсенділігі, елгезектігі, табандылығы тағы да басқадай қажетті мүмкіншіліктері сарапқа салынады.Арнайы комиссияның шешімімен жиналғандардың он пайызы іріктеніп, жекеленген шағын-шағын топтарға бөлінеді.

"Алғашқы дайындықтан тосылмай өткен "Алтай" тобы өзінің барлық қажетті әскери жабдықтармен (БТР,жүк көліктері, түрлі атыс қарулары, дала асханасы, азық-түлік т.б) бірге Ферға-

на маңында орналасқан Орта Азия округінің әскери-әуе күштерінің базасына әкелінеді.Бұл жерде арнаулы топ әскери-дене шынықтыру, техникалық-әдіскерлік, сондай-ақ оқ ату әзірліктерінен ерекше ынтамен дайындықтан өтті" – дейді Төлеухан Қадырович.

Ары қарай "Алтай" арнаулы құрылымы құпия түрде Ауғанстанға жетеді. Орталықтың ойластырылған шешіміне, талап-міндеттерге сәйкес қазақстандық топ Газни провинциясына берік орналасып алуы тиіс. "Алтай" жігіттерінің мойнына негізгі барлау міндеттерінен басқа,айналадағы ел-жұрттың арасында, шалғай орналасқан жол қатынасы қиын елді мекендерде кеңестік үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, халықтың үкімет орнатуға көмек көрсету мақсаттарын жұмылдыруы қажет болатын.

Күз айы.Арнайы бұйрық бойынша ондаған сарбаздар әскери көлігі бар, таулы аймақтардағы жергілікті жерлерге халықтың билікті насихаттайтын активистерді және басқадай адамдарды апару үшін Газни қаласында арнайы автокөлік колоннасы ұйымдастырыла бастаған.Әрине, аяқ асты,шапшаң түрде ұйымдастырылған автоколонна ішінде,тіпті, жан-жақты тексерілуден өтпеген "қой терісін жамылған қасқырларға" дейін болғаны кейін анықталады.

Төлеухан Қадырович айтады: "Арнайы өткізілген үлкен жиыннан кейін ұзындығы бірнеше шақырымға созылған автокөлік колонна жолға шықты.Көштің басын "Алтай" тобы бастады. Әдеттегідей алда жүк көлігі,оның артында БТР бүкіл колоннаның соңынан еріп,белгіленген бағыт бойынша ұзыннан-ұзақ шұбатыла жүріп келе жатты.Жол бойы өте бай қимылмен жылжыған автоколонна,неге екені белгісіз жиі-жиі аялдай берді.Оның себебін кейінірек артынан біліп қалдық.Жолдағы тар аңғалдардың бірінде "жақсылап күтіп алу" үшін моджахедтерге біздің қарсылас дұшпандарымызға осылайша мүмкіндік тудырған болып шықты.Алдымен алдыңғы апта келе жатқан жүк көлігінің көзін құрту болды,қалғаны түк емес,бүкіл колоннаны адамдарымен қоса күл талқан етіп жібереді".

Шынын айтқанда, сол кезеңдердегі кейбір әскери басшылар соғыс жағдайына байланысты қойылатын қатаң талаптардың бірін де елемеген,автокөлік колоннасының таулы аймақтарда жүруінің талаптарын да сақтамаған,-неге екені белгісіз қауіпті деген жаудың жол тосқауылы болады-ау деген құз-жартасты жерлерге алдын-ала барлау жіберу,әуеден сақтану т.б. жайлар ескерусіз қалған.

"Соның салдарынан дұшпанның құрулы тұрған қақпанына автокөлік колоннасы өз еркімен барып түскендей болды.Әбден дайындалып,жақсы ұйымдастырылған жау тобы тар қыспақта тас төбеден оқ боратты.Екі жақтан бірдей атылған оқтың күші қойсын ба,әп-сәттің арасында техника мен адам шығыны байқала бастады.Жағдай шынымен қиындап кетті.Дұшпанның алдын-ала ойластырғанындай-ақ, алда келе жатқан жүк көлігінің жүргізушісі мерт болды.Соңынан ерген көліктер тар жолдың қыспағының салдарынан одан асып өтіп кете алмасы белгілі. Бүкіл автокөлік колоннасы амалсыз тоқтауға мәжбүр еді.

Алдыңғы көлік сол күйінде қозғалмастан тұр, артындағы басқа көліктерге тосқауыл болып қалды.Бұл жағдай-

ды одан сайын ушықтыра түсті.Қарша бораған оқтың салдарынан ел-жұрт қатты абдырап қалды.Шынын айтқанда, кенеттен болған жағдайдан елді үрей мен қорқыныш биледі.Кім не істерін білмей, жұрттың қимыл-қозғалысы бақылаудан шыға бастаған еді. Уақыт өтіп бара жатса да,көзге ажал боп көрініп тұрған оқ пен отқа өз еркімен басын көтеріп, БТР-ден ешкім шыға қоймады,"- дейді Төлеухан аға.

"Еш нәрседен де қорықпаушылық,- жалпы табиғатта жоқ нәрсе,еш нәрседен қорықпайтын адам жоқ.Қорқыныш сезімі барлық жерде бар.Өлім қаупін сезінген бір де бір хайуанат қорқынышсыз жанталасқа, ажал аузына бара алмайды. Бірақ қорқынышты жеңуге болады.Немен?Жалпы алғанда мәжбүр ету жолымен, жекелей алғанда ішкі және сыртқы (қоғамдық) әсер ету арқылы.Қалай мәжбүр ету? Өзін-өзі ішкі мәжбүр етеді (ұят, адамгершілік, ар-ождан парызды сезіну)және сыртқы мәжбүр ету,яғни қоғамдық әсер ету (өзінінің намысы мен адамгершілігін ұят сезімінен – опасыздықтан,масқара болудан сақтай отырып). Қорқынышты жеңуге, міне осылар көмектеседі.Өз еркімен қорқынышты ешкім де жеңе алмайды,тек қана мәжбүр ету жолымен ғана жеңуге болады", - деп өзінің қолжазбаларында жазған екен, халқымыздың Батыр, данышпан ұлы Бауыржан Момышұлы.

"Міне, осындай қысылтаяң шақта адамның ойына не келмейді десеңші, көз алдыңнан бүкіл өмірің моншақтай тізіліп өте шығады екен-ау. Ата-анаң,- дос-жаран,жанұяң, бала-шағаң саған үміт артып, бір амалын тап, намысыңды берме дегендей адамды бір белгісіз күш алға итермелейді екен.Оның үстіне "Алтай"тобының арасында жасы,әскери шені және дайындығы мен тәжірибесі жағынанда орным ерекше екендігін ескеріп автокөлік колоннасын құтқару үшін өз еркіммен қимыл-әрекет көрсетуге рұқсат алдым. Бұл жерде мен ерікті болмағанда,басқа кім бел буа қоятын еді.

Дұшпандардың қарша боратқан оқтары кез келген сәтте жайратып түсуі ықтимал.Бір сөзбен айтқанда ажал оғы жауып тұр.Ойланып,толғанып жатуға уақыт жоқ.Қалай болғанын өзімде білмеймін, әйтеуір кеудемдегі киімдерді шешіп тастап, белуардан жалаңаш не де болса нар тәуекел деп алдыңғы тұрған көлікке құптай ұшты.Ажалымның жоқтығы ма,бүркеп тұрған оқтар маған дарымады.Дереу автокөліктегі жан тапсырған кесек денелі жүргізушінің (снайпердің оғы дақ маңдайынан тиген екен)сүйегін қара терге түсіп әрең-пәрең дегенде арқалап екінші бронотранспортерға салдым.Адам кішкенеден кейін үйреніп, тіпті өлімнен қорықпай кетеді екен-ау. Мүмкін қайткендеде қарулас-достарым мен қарапайым ауған азаматтарын өлімнен құтқарып,тау-қуысынан алып шығуым керек деген мақсат алға итермеледі ме,кім білсін,қимылым өте шапшаң,көзді ашып-жұмғандай уақытта жоспарымды жүзеге асырдым.Ендігі міндет бірінші автокөлікке жетіп,керуеннің жолын ашып,оларды қауіпсіз жерге алып шығу. Дұшпандар менің ойымды сезгендей оқтың астына қатты ала бастады. Бірінші автокөліктің астымен бауырлап-жорғалай отырып, кабинаға кіріп, аяқ-салатын қуысқа көлденең жатып бір қолым рульде, екеінші қолым мен жүргізуші жақтағы есікті ұстап, арасындағы саңылауға қарап, моторы сөнбеген көлікті орнынан қозғалтып, ақырындап тығындалған

тар қыспақтан алып шықтым.

Тау аңғарынан аман-есен шығып, белгіленген қышлаққа жеткенімізде ғана көңіліміз аздап орнына түскендей болды.Дұшпандар айналдыра қоршап алып, үнемі қарауылында, оқтың астына алып отырған жер болатын.Сондықтан барлық жағдайды ескеріп,біздің мұндағы жайымыздың мүшкіл болып тұрғанын айтып,жоғары жақтан көмек сұрауға шешім қабылдадық.Үлкен басшылықтың рұқсатынсыз орыс, ағылшын тілінде рациямен сөйлесуге болмайды. Не істеу керек? Сәл кідіріп,көмек келмесе, дұшпандар қанымызды судай ағызатындай төніп тұр, себебі қоршау шеңбері барған сайын тарылуда.Басқадай айла да, шара да қалмады.Рациямен орталық базада қалған құрдас досым Сайкенов Наград Хасенұлына қысқа ғана ана тілімде : «Тез арада құтқармасандар, мыналардың өлтіретін түрлері бар»,-дедім. Ол тәжірибелі, көпті көрген азамат қой, ымдап айтқан жағдайды қолма қол түсініп, тиісті командирлерге баяндап, көп ұзамай біздің танктер келіп ажал аузынан алып шығып, орнымызға аман оралдық. Әскери бөлімде бізді ұлы батырлар келе жатқандай үлкен қуанышпен қарсы алды. Әсіресе Наград Хасенұлы көзіне жас үйіріліп, мені қапсыра құшақтап жатыр, «енді сенің сөзіңді бөлмейтін боламын» деп әзілдеп қояды.Әскери базада мен жүргізіп келген көлікті мұқият тексеріп шығып, ірі калибрлі ағылшын винтовкасының оғы өткен 20 тесікті анықтадым.Құдай сақтап, қалай ғана аман қалғанымa таңқаламын».

Кейіннен белгілі болғандай, біздің топты тау аңғарында тосқауыл қойып, лайықты «күтіп алған» дұшпандардың басшысы, сол аймақтағы моджахедтердің белгілі дала командирі, кезінде Кеңес Әскерінің Бас штабының академиясын бітірген, көп жайттардан хабары бар,майор Саид Дгран болып шықты.

Кездесулерде Төкеңнен және оның қарулас достарынан Ауғанстандағы осы бір ұрыс туралы сұрап жүрдім. Барлығының айтатыны осы ұрыстағы көрсеткен ерлігі мен ержүректігі үшін басында басшылар майор Боқажановқа Совет Одағының Батыры атағын береміз. Ол болмағасын, орденге ұсынып жатырмыз деп, ал артынан тіпті медаль да бұйырмаған екен. Сонда қалай, әділдік, басқаларға үлгі боларлық, тәрбиелік мәні зор батырлыққа сай әрекеттері ескерусіз қалғаны масқара емеспе деп қызбалық көрсеткенімізде Төкең, соны қайтесіңдер ең бастысы адам баласына амандығынан басқа артық ештеңе жоқ емеспе деп жай ғана қарапайымдылық мінез білдірген. Бірақ ішкі дүниесі астан-кестен болып,қатқан жараның аузын ашқандай өзін біртүрлі ыңғайсыз сезінгенін ұғып, ол туралы әңгімені қозғауды да қойғанбыз.Оны айтқаннан не пайда,біздің қолдан келер не? Сөйтседе,көреалмастық, күншілдіктен туған арсыздықтың төркіні төреде екенін ұғатынбыз. Шынында да тарихта партизан Қасым Қайсенов талай-талай батырлары Бауыржан Момышұлы,Рақымжан Қошқарбаев сияқты талай ағаларымыз ерліктері ескерусіз қалды емеспе. Аллаға тәуба,Елбасының қолдауымен ештен кеш жақсы дегендей артынан түйенің қарны жарылды емеспе.Төлеухан ағамыздың ерлігі туралы көптеген кітаптарда, газеттер бетінде мақалалар басылып шығарылуда.Яғни ол кісінің соғыстағы батырлығы ашық айтылып,мойындалуда.Сондықтан сол Ауғанстанға, ин-

тернационалдық көмек деп қан-төгісте қатысып, ерлік үлгісін көрсеткендердің бірі полковник Бокажанов Төлеухан ағамызды сол ұрыстағы үшін мардымды марапат неге көрсетілмеске, ұмыт қалған батырларын неге елеп-ескермеске.Туған елінің,Отанының тапсырмасын адал орындап, қанды ұрыстарға қатысқан ағаларымыздың ерліктері, артымызда өсіп-өніп келе жатқан жас буын ұрпақтарға аса қажетті, тәрбиелік мәні зор болары анық.Батырыңды батыр деп бағаламасаң, онда біздің кім болғанымыз.Ойланатын-ақ жай.

Жалпы Боқажановтар әулетінің арғысын қойғанда бергі тарихының өзі ауыз толтырып айтарлықтай.Олай дейтінім атасы Мами Ұлы Отан соғысына қатысқан,Зайсанның құрметті азаматы,көптеген жылдар шекара отрядындағы қызмет бабында қолданылатын аттарын дайындап еліміздің қауіпсіздігіне өз үлесін қоса білген ақиық азамат.

Туған әкесі Қыдырпатша Боқажанов,капитан,батальон командирі ретінде Екінші дүние жүзілік соғыстағы,қырғын қан-майдандағы көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Шығыс өңірінде тұнғыш Александр Невский орденімен марапатталғанының өзі неге тұрарлық.Бейбіт уақытта аудан көлемінде әртүрлі лауазымды басшылық қызмет атқарып,ұрпақтарын дұрыс тәрбиелеп өсірген жан. Әкеміздің дүниеден қайтқанына талай жылдар өтседе ол кісінің көзі тірісіндегі парасатты істері ұмытылған емес. Әртүрлі құжаттары,естелік, рәсімдері мұражайларда сақталуда. Бүгінгі таңда Зайсан қаласының бір үлкен көшесі сол кісінің атында.

Төлеухан Қадырович айтады: Соғыс күрделі тақырып. Ал, ол туралы шығарма жазу – одан да күрделірек. Ауғанстандағы өзім куә болған жайттар жүрегімді сыздатады. Айтпақшы, Ауғанстаннан келгенде, Алматыда көп болмай бірден ауылға жол тарттым. Әкем ол кезде қартайыңқырап қалған кезі.Менің жолымды тосып,қашан келеді деп еленде деп күтіп жүргенін жүрегім сезетін.Адымдай басып,қақпадан кіргенімді: «Оу, құлыным,аман-сау келдің бе», -деп құшағына қысты.Тау-тастың арасында дұшпандармен соғысамын деп жүріп, сезімнің сұрғылттау тарта бастағанын сезетін. Әкемнің құшағына кірген бойда, неге екенін білмеймін көзімнен ыстық жас атқып кетті.Мұндай ыстық тамшы сол кезге дейін менің жанарымнан шығып көрген емес.Ағайын – туманың басын қосқан дастархан басында әкем кенет маған қарап былайша сауал тастады.

- Соғыс деген қалай екен, балам ?

- «Соғыс- романтика емес екен. Қан майданда батыр боламын деп ұмтылған жан баласын көргенім жоқ. Санаңды қаумалаған үреймін, тірі қалсам деген үміт қана көлеңкеңдей қыр соңынан қалмайды екен,»- деп жауап бердім.

Қан сасыған майдан ортасынан оралған әкем менің бұл жауабыма қанағаттанғанын,жылы жымиғанынан аңғардым.

Жалпы Боқажановтар алты ағайынды, бүгінгі таңда барлығы әр салада еңбек етіп, егеменді еліміздің көркеюіне ат салысуда. Тек қана жүрек сыздатып, тұншықтыратыны ол бауыры Ішкі істер министрлігінің офицері Болат Қыдырпатшаұлының қызметтік міндетін атқару барысында қаза табуы.Аллаға тәубә артында ұрпағы бар, оғанда шүкіршілік. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының сыртқы барлау қызметінің басшыларының бірі,полковник Боқажанов Төлеухан Қыдырпатшаұлы Алматыда «Альфа-Қазақстан»

қауіпсіздік қызметін басқарып,талай-талай бағдарламалармен Европа, Америка елдерімен тығыз қатынаста еңбек етті.Ағамыздың еңбегі зая кетпегендігінің куәсі қолындағы 60-қа жуық медаль,белгілер мен мақтау қағаздары, алғыс хаттары. Иә, бұған қолы жеткенде, жетпегендерде бар. Осыған қанағат етуінің өзі де мінезінің бір қыры болар. Тұнғыш қызы Әлия Қазақстандағы Біріккен Ұлттар ұйымын ВОЗ-дың аймақтық басшы ғылыми атақ дәрежесі мен білімі ел-жұрт қызығып, мақтан тұтарлықтай. Кенже қызы Лейла АҚШ, Нью-Йорк қаласында жанұясы мен тұрады. Өкініштісі асыл жеңгеміз, адал жары Әсипа Биғалиқызы апайымыз дүниеден ерте озды. Алланың жазмышы осылай болғандықтан, қолдан келер амал жоқ.Көнесің.

Ең бастысы адамға керегі туған елінің,халқының амандығы,келешегі,абырой-ұжданы міне, сондықтан Қазақстан Республикасы сыртқы барлау қызметінің құрметті қызметкері Төлеухан Қыдыровичтың ел-жұртына әліде берері мол екені күмәнсіз.

**Болат ҚАПАНОВ**
**Қазақстан жазушылар одағының мүшесі**

# ПОЛКОВНИК СИЯНОВ, БРАТ СЬЯНОВА

Он действительно брат знаменитого Ильи Сьянова, хотя и троюродный. Того самого человека, водрузившего знамя Победы над рейхстагом, Героя Советского Союза, именем которого названа улица в Костанае. Но имя его знакомо немногим, в основном, коллегам по службе.

Как же так получилось, что у родных людей разные фамилии, хотя бы и на одну букву? Буква в фамилии брата была изменена по настоянию земского учителя при оформлении документов на учеников. И стал он Илья Сьяновым. Отсюда и такой, к примеру, загадочный текст в музее ДКНБ по Костанайской области. Там на стенде лежит старое боевое оружие, в том числе кортик немецкого офицера, защитника рейхстага. «Военный трофей Героя Советского Союза Ильи Сьянова, дар музею

полковника в отставке Петра Сиянова»

Биография Сияновых-Сьяновых берет начало еще в столыпинские времена, когда в наши края двинулись в поисках земли и лучшей доли крестьяне из России и Малороссии. Род Сияновых перебрался в Семиозерье из Самарской губернии. Сами выбрали место для жилья, сами ставили дома как в городе: каменный низ, бревенчатый верх. Самарская улица была первой в поселке, а рядом с домами строили больницу и школу.

Петр Сергеевич хорошо помнит свою школу, маленькую, одноэтажную, и не может забыть первых учителей. Среди них было немало людей ссыльных, опальных, но знания они давали такие, что проблем с поступлением в вузы не было. Петр Сергеевич мечтал о художественном училище, но жизнь решила иначе. Он закончил историко-филологический факультет Казахского пединститута им. Абая в Алматы, вернулся в родную школу. Семейным человеком приехал, и жена Галина тоже была учителем. Петра Сергеевича заметили, пригласили работать в райком комсомола.

Он уже работал секретарем райкома комсомола, когда судьба его сделала резкий поворот. Его вызвали в Костанай и предложили службу в органах госбезопасности. Когда рассказал дома, мать испугалась за него. Как это, её сын будет ходить с оружием, ловить шпионов? А отец возражать не стал. И Петр, как он говорит, загорелся новой работой.

Официально никаких наставников в органах безопасности не было, но ему повезло, молодого опера взял под свою опеку сам Даценко. Участник войны, человек-легенда. В кабинете, где они

вместе работали, Павел Васильевич Даценко бывал редко, чаще пропадал в командировке в Аркалыке. И Петр Сергеевич Сиянов с ним. Город только строился, народу было много, а недалеко секретная ракетная часть. В городе работали чешские специалисты, и один из них, как выяснил Даценко, работал на разведку Германии. Это был заметный эпизод в биографии Петра Сиянова. Потом уже набравшегося опыта офицера направили работать с молодой творческой интеллигенцией.

- Приходилось много беседовать, убеждать, - вспоминает Петр Сергеевич, - но до ареста, слава Богу, дело ни разу не дошло. И это тоже показатель работы.

По его словам, больше всего им тогда попортили нервы религиозные фанатики. Сосланные в разные годы в Казахстан из западных областей СССР,

они были настолько активны, что даже устраивали слежки за комитетчиками.

В конце семидесятых - начале восьмидесятых годов Петр Сиянов занимался кадровой работой в Кустанайском, потом в Целиноградском управлении КГБ. Отвечал за чистоту чекистских рядов.

Затем Петра Сиянова назначили начальником областного управления, а еще через год он переехал на ту же должность в Северо-Казахстанскую область. Эти пять лет были самыми сложными и противоречивыми и для него, и для Комитета. На его глазах распадалась страна, интересам которой он служил. Не бездумно, не фанатично, - честно. Когда в 1991 году в Москве произошел путч, затеянный ГКЧП, в числе его руководителей оказался председатель КГБ СССР В. Крючков. Однако, рассказывает Петр Сиянов, они тогда собрались руководящим составом и пришли к мнению, что действия путчистов противоречат закону.

Поддержки путчисты не дождались, но события стали развиваться совершенно не так, как хотелось бы. Председателем КГБ СССР Борис Ельцин назначил Вадима Бакатина, бывшего министра МВД. Этого человека ветераны органов безопасности и сегодня называют предателем. Он не только развалил всю систему, но и сдал все секреты американскому посольству. Однажды довелось Петру Сергеевичу столкнуться и с самим Борисом Ельциным.

- В Алма-Ате руководители государств подписали соглашение о создании СНГ. Затем самолет Ельцина по дороге в Москву почему-то посадили в Кокчетаве. И нас, человек десять, отправили туда из Петропавловска для охраны. Ельцина вывели из самолета почти под руки, далее без комментариев. Наш Президент, а я с ним часто встречался, никогда ничего подобного себе не позволял. И вообще, когда наша система рушилась, Нурсултан Абишевич в Казахстане не стал ничего ломать. Нам даже не пришлось принимать заново присягу, просто переаттестовали. Это было мудрое решение, - говорит Петр Сиянов. Хотя, конечно, были сложности. Бывало, возникали такие ситуации, когда иные сотрудники предпочитали просто уйти.

В запас полковник Сиянов ушел, когда наступил предельный для службы возраст, в 55 лет. Потом почти более 10 лет работал по защите государственных секретов. У нынешней службы национальной безопасности появились новые задачи, в первую очередь, борьба с терроризмом. Границы открыты, все больше людей приезжают к нам по делам, и не всегда эти поездки служат пользе нашего государства. Работать стало, может быть, даже сложнее, чем в то время, когда мир четко делился на два лагеря.

- Мне не стыдно за свою работу, - говорит ветеран. - Мы заложили фундамент службы, который работает до сих пор.

**Владмир КАЛАШЕЕВ**
**подполковник в отставке**

# ИЗУЧЕНИЕ ОПЫТА – ЭТО ПУТЬ К САМОСОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ

В народе бытует мнение, что сотрудники органов безопасности, как и космонавты, люди особого склада. Попасть в их отряд может не каждый. Они обладают такими качествами, которые присущи не каждому, а именно: политическая зрелость, постоянное стремление к знаниям, высокая самоотдача в работе, большие физические нагрузки и т.д. Вот об одном из этих людей будет мой рассказ. Это уважаемый всеми ветеран, труженик тыла, майор в отставке Исин Камиль Айсиевич, почетный сотрудник КГБ СССР, удостоенный многих других наград.

Исин К.А., направляя оперативный состав на созидательный труд, пытал их убедить: только постоянная работа над собой дает знания и силы, только человек цельный, знающий чего он хочет и во имя чего живет, может добиться реальных результатов на порученном ему участке работы. Камиль Айсиевич был моим первым руководителем, наставником в оперативно-служебной деятельности. В подтверждение вышесказанного постараюсь на двух примерах показать результаты его умелого руководства.

Я занимался розыскной работой. В повседневной деятельности мы использовали различные ориентировки, среди которых был альбом с фотографиями и установочными данными на лиц, закончивших во время Великой Отечественной войны немецко-фашистскую диверсионно-разведывательную школу "Цепелино". Она укомплектовывалась офицерами Советской Армии, попавшими в плен и ставшими на путь предательства. После подготовки они забрасывались в тыл наших воинских формирований. Им ставилась задача легализоваться на территории Советского Союза, принять участие в сражениях против немецких захватчиков, завоевывать награды, а после окончания войны оседать на постоянное местожительство вдоль линий железных дорог с целью совершения в последующем диверсионных акций.

Перед тем как приступить к решению поставленной задачи я получил от Исина К.А. соответствующие указания и советы. Он обратил особое внимание на то, чтобы мои действия не вызывали настороженности у окружающих.

Изучая личные дела работников треста "Южэлеваторгельстрой", строящего элеваторы по линии железных дорог в области, я обратил внимание на автобиографию главного инженера, который перечислил в ней все награды, а также указал номера своих орденов. Вот эта немецкая педантичность, видимо, привитая ему во время обучения в разведшколе, меня и насторожила. Обычно в автобиографиях фронтовики писали количество наград, в лучшем случае указывали их название.

Дальнейшая проверка этого сигнала дала положительные результаты. В процессе реализации комплекса оперативно - розыскных мероприятий подозреваемый был опознан негласным помощником органов КГБ, ранее проходившим вместе с ним подготовку в разведшколе, но после окончания ее явившимся в органы с повинной.

Заслуживает внимания и другой при-

мер - из разряда борьбы с религиозным экстремизмом и терроризмом. Охота на людей, выстрелы, взрывы, войны, когда льется кровь порой невинных, мирных людей становится повседневной нормой жизни, а потому вызывает особую тревогу. Терроризм не имеет фронта, он дерзок, жесток, коварен, а потому очень опасен.

О розыске одного из первых террористов, совершившего преступный акт с территории Западно-Казахстанской области я и расскажу.

В один из летних дней 1971 года из Центра пришла ориентировка в которой объявлялся во Всесоюзный розыск преступник, отправивший по почте с территории нашей области посылку со взрывным устройством в адрес должностного лица в Дагестане. Это случилось впервые.

Трудность розыска преступника заключалось в том, что посылка была отправлена через сельский почтамт, анонимно, без указания обратного адреса и отправителя. По образцу почерка установлен мужчина, прибывший в числе других на летние работы из Кавказа.

Пока шел сбор и накопление оперативных данных, из Дагестана сообщили, что подозреваемое в теракте лицо во время Великой Отечественной войны был осужден за бандитизм, отбыл срок наказания, нигде прописанным не значится. Был проведен анализ и изучение оперативной обстановки за период пребывания подозреваемого в области. Так, в одной из суточных милицейских сводок значилось, что у рекиУрал в лесу обнаружены останки обгоревшего мужчины кавказской национальности, прибывшего на сезонные работы. По причине того, что Всесоюзный розыск подозреваемого по его установочным данным продолжительное время не давал результата, Исин К.А. предложил объявить во Всесоюзный розыск преступника по установочным данным кавказца, обнаруженного обгоревшим в лесу. Воспользоваться чужими документами преступнику не удалось, он был задержан.

Подводя итоги сказанному, хочется отметить, что жизнь измеряется не только прожитыми годами, а и делами, а таких дел у наших ветеранов за время службы было не мало.

Сейчас другое время, другое восприятие мира и другими, разумеется, должны быть стоящие задачи и методы работы, но роль жизненного опыта, присущего нашим пенсионерам, грамотного и так необходимого наставничества, не должны упускаться в повседневной работе никогда. Жизнь меняется, но остаются неизменными понятия добра, справедливости, достоинства и чести.

Я остановился на двух примерах моей работы под руководством Исина Камиля Айсиевича. У него я многому научился, перенял и использовал в дальнейшей своей работе.

Органы КНБ Казахстана имеют богатое прошлое, за плечами наших ветеранов разведывательные и контрразведывательные операции, профессиональные успехи на незримом фронте. Для молодого поколения сотрудников это хорошая возможность для подражания и использования профессионального опыта, накопленного нашими ветеранами.

**Юрий АНДРЕЕВ,**
**полковник в отставке.**

# ЖӘДІГЕР АҒА

Шайхин Жәдігер ағамен бірге қызмет істемесем де, ол кісі ҚР ҰҚК Алматы облысы бойынша департаментінің ардагерлер кеңесін көп жыл басқарған шақта оның тапсырмаларын орындаған кездерім болды. Осы араласу нәтижесінде Жәдігер ағаны дұрысырақ білудің сәті түсті. Бірде өзі жазған ғұмырнамалық кітапшасын сыйға тартты. Сол жазбаларды және қолда бар басқа мәліметтерді пайдалана отырып аға туралы шағын естелік жазуға бел будым.

Жәдігер Шайхыұлы 1926 жылы Ақтөбе қаласында аудандық прокурор қызметін атқарған Әбілов Шайхы мен Кәмиланың отбасында дүние келген. Ол бес жасқа келгенде әкесі өмірден озып, үбірлі-шүбірлі үш баласымен анасы Кәмилә біраз жыл Қызылорда жеріндегі төркінін жағалайды. Сол уақыттағы қиыншылықтарды елмен бірге көріп өсті.

- Ұлы отан соғысы басталғанда 15 жастағы бала едім, - дейді Жәдігер аға, - колхоздың есепшісі болып жұмыс істеп жүргенімде, еңбекқорлығымды байқаған болуы керек, мені НКВД-ның Ақтөбе облысындағы бөлімшесіне шақырып, қауіпсіздік органдарына қызмет істеуді ұсынды. Біраз күн ойланып, келісімімді бердім. 1944 жылдың қыркүйек айында мемлекеттік қауіпсіздік министірлігінің Ақтөбе облыстық басқармасына жұмысқа кірдім,- деп Жәдігер ағамыз өзі туралы әңгімесін бастайтын.

Сөйтіп, күндіз жұмыс істеп, кешке оқу оқып, мектепті тәмамдаған ағамыз, жоғары білімді 1956-1961 жылдары Куйбышев қаласындағы Бүкілодақтық заңгерлер институтында алған. Арнаулы қызмет органдарында 43 еңбек еткен, оның ішінде 36 жылы жоғары лауазымды басшылық қызметте болды. Ақтөбе облысындағы басқармада бөлім бастығы, Шығыс Қазақстанда басқарма бастығының орынбасары, Жезқазған облысында, Алматыда Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті орталық аппаратының барлау басқармасының, 1985-1987 жылдары Талдықорған облыстық басқармасының бастығы болған. Осыншама ұзақ жылдар бойында қызығы мен қиыншылығы көп лауазымды қызметтерді Жәдігер ағамыз еш сүрінбей атқарған. Зейнетке шыққаннан кейін де белсенділігін тоқтатқан жоқ. 1988-1993 жылдарда халық депутаттары Талдықорған облыстық кеңесінде заңдылық, құқық тәртібі және халықты әлеуметтік қорғау тұрақты комиссияның төрағасы ретінде егемен еліміздегі заңдылықтардың қалыптасуына өзіндік үлесін қосқан. Сонымен қатар, көп жыл Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы болғанын айта кеткен жөн.

Көп жылғы мүлтіксіз қызметі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, 26 медальмен және Қазақстан Республикасы жоғарғы кеңесінің грамотасымен, Ресей Федерациясы Сыртқы барлау қызметкерлеріне берілетін «Жеңіскер» төсбелгісімен марапатталған. Ал енді осы марапат РФ Президенті В.Путиннің жарлығымен берілетінін, оны Ресейдің Қазақстандағы елшісінің өзі Жәкеңе табыстағанын айтсақ, аталған марапаттың бағасы өсе түсетіндігі сөзсіз.

Керемет қазақы және кішіпейіл жан

еді. Аузынан «өй, айналайын» деген жылы сөзі түспейтін. Қолына домбыра ұстап, бір-екі мәрте қоңыр дауысымен ескі әуендерді нәшіне келтіріп орындағанының да куәсі болдым. Жәдігер ағамыздың жеке өмірі де қызғылықты десе болады. Өзімен 40 жыл отасып, көп қиыншылықты бірге көріп, екі қыз бір ұлды жарық дүниеге әкелген Ағылен есімді апамыз 1987жылы қайтыс болғаннан соң, Үштөбенің Әдемі есімді қызымен көңіл жарастырып, онымен ширек ғасырға жуық баянды өмір сүргенін ғұмырнамасында өзі жазады. Көзі тірісінде ұл-қыздары Айбек, Гүлсім, Бибігүл, Айгүл мен Назгүлден Жанна, Руслан, Әнуар, Темір, Малика, Қамилла, Әмина, Мағжан, Айжан, Әдия атты немере-жиен, Димаш, Найман, Ерасыл және Кәрім атты шөбере сүйген бақытты жан еді.

Жәдігер ағамыздың бұл дүниемен қоштасқаны да көпшіліктің есінен кетпейді. Сонау 2012 жылдың 15 қаңтары, жексенбі күні Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының сайлауы күні болғаны белгілі. Үйінің қасындағы Абай мектебіндегі сайлау учаскесін салтанатты түрде ашуға қатысу үшін таң атысымен барған ағамыз Қазақстан Республикасының әнұраны айтылып тұрған шақта жан тәсілім еткен. Міне, бүкіл ғұмырын Отанына, қоғамға риясыз қызмет етуге арнаған ардагер ағамыздың дүниеден қайтуы да осындай саяси маңызды салтанат үстінде өтті. Облыс, қала жұртшылығы болып Жәдігер ағамызды белсенді қайраткер ретінде құрмет көрсетіп, ақтық сапарға шығарып салды.

Жәдігер Шайхиннің есімі оны білетін жандардың жадында ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті ардагері, жаны жайсаң азамат ретінде сақталады.

**Әбдісамат МЫЛТЫҚБАЕВ,**
**ҰҚК және ауған соғысының ардагері.**

# С НИМ МОЖНО ПОЙТИ В РАЗВЕДКУ

Мое первое знакомство с будущим генералом Мынбаевым Саятом Мукаметбаевичем состоялось в ноябре 1973 года во время областной комсомольской конференции в г. Талдыкоргане. В то время он работал заведующим организационным отделом Алакольского РК ЛКСМ Казахстана, а я заведующим организационным отделом Кировского райкома комсомола.

В последующем наше знакомство переросло в дружбу. Обычно у человека

бывает много друзей. Но все ли они соответствуют этому большому понятию? Не зря же говорят: человек познается в беде. Не обошлось без разочарований и у меня. Но об этом не хочется вспоминать, тем более что «липовых» друзей в моей жизни было не так уж и много.

А вот настоящих оказалось больше. И я рад, что не ошибся в них. Чувствую себя счастливым человеком, осознавая, что Саят Мукаметбаевич Мынбаев один из них. Я знаю его больше сорока лет. И за эти годы он оставил яркий след и неизгладимое впечатление в моей жизни.

В 1983 году он вместе со старшим оперуполномоченным пятого отдела УКГБ Мылтыкбаевым А.Ж. был направлен на учебу в ВКШ КГБ СССР со знанием языка фарси, а в 1985 году их перебросили для прохождения дальнейшей военной службы в Афганистан, где они прослужили более трех лет.

По возвращению из Афганистана он недолгое время прослужил в УКГБ по Талдыкорганской области, а затем перевелся в Центр по линии военной контрразведки, где вырос до начальника Департамента.

Саят Мукаметбаевич, как профессионал, всю свою энергию и знания отдавал работе, был требовательным себе и подчиненным, уделял особое внимание воспитанию молодых кадров, особенно вникал в вопросы их роста в плане освоения основ оперативной работы. Его отличают человечность, доброта, чувство юмора. Простота и доступность в общении притягивали и располагали людей. Его жизненным кредо было убеждение, что власть дает не высокая должность, а личное обаяние, чувство доброжелательности к окружающим тебя людям. В настоящее время генерал

находится на пенсии, но продолжает трудиться в АО «Казахтелеком».

За мужество и героизм Мынбаев С.М. награжден медалями «За боевые заслуги», «За выполнение интернационального долга в ДРА», «Благодарность афганского народа», а также имеет почетные грамоты.

Сегодня мы по-новому осознаем истинный смысл и значение участия нашего государства в афганских событиях. Все наши земляки достойно выполнили воинский долг. Они продемонстрировали бесстрашие, храбрость, высокое боевое мастерство, верность товариществу и интернациональной дружбе.

**Марат АБДЫКАДЫРОВ,**
**ветеран органов КНБ РК,**
**подполковник в отставке.**

# ТУРА ЖОЛДАН ТАЙМАҒАН

Ұлттық қауыпсіздік комитеті жабық мекеме болғандықтан көпшілік оның қызметкерлері нендей шаруаларды тындырып жатқанын біле бермейді. Міне, осы арнайлы қызмет органдарында көп жыл қызмет еткен ардагер, Жер ұйығы Жетісудың төл түлегі, отставкадағы подполковник, өзіміздің жақсы көріп сыйлайтын ағамыз Костенко Оқашев туралы естелік жазып берсеңіз деген ұсыныс түскенде, ойланбастан- ақ келісімімді беріп едім.

Ал енді осы жақсы аға туралы не айтам дегенде, алдымен оның турашылдығы еске түсті. Бұл оның тұла бойына туа біткен қасиеті. Осы кісімен жиырма жылдан аса бірге қызмет еттім, бас аяғы қырық жылдан аса білемін. Осы мерзімнің ішінде оның құдай берген турашыл мінезінен айнығанын көргенім де, естігенім де жоқ.

Көстеңке ағамызды білетіндердің көпшілігі оның осы есімге қалай ие болғанына дұрыс білмейтініне сенімдімін. Енді осы жайды тарқату үшін ағамыздың өз аузынан естіген мәліметті баяндайын. Анасы Балқия, 28 батыр панфиловшылардың бірі Мұсабек Сеңгірбаевтың немере інісі Сақтапберген Жаңбырбаевтың қызы, 1937 жылы 20 қарашада Талдықорған ауданының орталығы болып келетін Қарабұлақ кентінде босанады. Егіз туылған екі ұлдың бірі жарық дүниеге өлі болып келеді. Тірі қалған баласының кіндігін кескен акушер Костенко деген орыс әйел екен. Осы кісі секілді мықты болсын деп, әкесі Оқаш сол акушердің тегін ағамыздың есімі болғанын қалапты. Сонымен, биыл 80 жасқа толатын Костенко есімді ағамызды қатарлары қазақшалап Көстеңке, Кәке десе, біз, інілері Костя аға деп еркелетеміз.

Суы мол, шалғыны шүйгін, түгін тартсаң, майы шығатын берекелі Шұбар

ауылындағы орта мектепті 1954 жылы үздік бітірген ағамыз еш қиындықсыз Қазақ ауылшаруашылық институтының электрлендіру факультетіне оқуға түседі. Оны тамамдаған соң, «Талды-Курган Казстройэлектромонтаж» мекемесінде 4 жыл инженерлік қызмет атқара жүріп, комсомол жұмысына да белсене қатысады.

Арнаулы қызмет органдарындағы жолын 1963 жылы КСРО мемлекеттік қауіпсіздігі комитетінің Талдықорған қаласындағы бөлімшесінде уәкілдік қызметтен бастапты. Бір мекемеде 29 жыл қызмет етіп, бөлімше, бөлім бастығы дәрежелеріне дейін өскен. Еңбек еткен жерінде абыройлы болған. Барлау бөлімшесін басқарған жылдардағы қызметін еске алғанда айтар әңгімесі әрқашан әсерлі болып келеді. Ол кезде совет-қытай арасы ушығып тұрған шақ. «Орталық» көрші елмен шекаралас орналасқан Талдықорған облысы арқылы барлау жұмысын жүргізуге де көп мән беретін еді.

-Әттең, сол кезде атқарылған құпия істерді, тіпті, бүгінгі жариялылық заманда да ашық айта алмаймыз. Өйткені, бастарын қатерге тігіп көмектескен сол кездегі ортақ Отанымыздың патриоттарының талайының бүгінде көздері тірі. Соларға зияным тиіп кетпесе екен деп

ойлаймын,- дейтін барлаушы ағамыз.

Көстеңке ағамыздың қарапайым да жомарт жан екенінін, мұқтаж жанға өз аузындағы ырзығын бөліп беретіні туралы бірер мысал келтіре кеткенді жөн санаймын. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында қызыметтегі жақсы көрсеткіштері үшін ағамызды «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсыну туралы мәселе туындайды. Сол кезде Көстеңке ағамыз басқарма бастығы Хамид Шоқалақовқа кіріп:

- Менен гөрі бұл наградаға Андреев аудандық бөлімінің барлау ісі жөніндегі орынбасары Бибатыров Атамбай лайық, «орталық» жақсы баға берген белгілі бір іс шара жүргізгенде соның еңбегі көп сіңген, - деп, өз жолын береді. Осыны мәрт адамның ісі емес деп кім айта алады? Ағамыздың кеңпейілділігінің арқасында «Қызыл жұлдыз» орденін алған А. Бибатыровтың бүгінде көзі тірі, Алматыда балаларының қолында тұрады.

Көстеңке ағамыз биыл 80 жасқа толады. Ағамызбен қосылғанына 55 жыл болған Алтын апамыз оның жанының жомарттығын, еш адамға жаманшылық ойламайтынын және де біреудің сыртынан титтей де ғайбат сөз айтпайтындығын, жан тәнімен қызметіне адал болғанын ерекше атап өтеді.

Ұлдары Ерік пен Марат, қыздары Шолпаннан 7 жиен немере, төрт шөбере сүйген ағамыз бен апамыз нағыз бақытты жандар.

Костеңке ағамыздың мақтау сөзді ұнатпайтыны әубастан белгілі. Ең негізгісі, еліне елеулі, халқына қалаулы ағамыздың сексеннің сеңгіріне шыққан мерей жасы құтты болсын дегеніміз жөн болар.

Өскелең ұрпақ Көстеңке ағамызды, басқа да ардагерлерімізді бағалай, ардақтай білгені абзал деп білемін.

Жақсыларымызды көзі тірісінде қадірлейік, келешек ұрпақтарға үлгі болсын демекпін.

**Әбдісамат МЫЛТЫҚБАЕВ,**
**ҚР ҰҚК және ауған соғысының ардагері.**

### Көстеңке ағаға арнау

*Ал, аға, құтты болсын сексеніңіз,*
*Сексенде ойға оралар өткеніңіз.*
*Өмірдің талқысынан талмай өтіп,*
*Бұл тойға қуаныш қой жеткеніңіз.*

*Шаң жұқпас шашасына тұлпар едің,*
*Әлі де талай асу өткеріңіз.*
*Түн күзетіп, таң асып төккен терің,*
*Ертегі сияқты өмір өткелдерің.*

*Ардагер барлаушысыз, ел сыйлаған,*
*Ерлікпен, еңбекпенен жеткен төрің.*
*Зейнетке шыққан соң да жатып алмай,*
*Қоғамдық жұмысты да шет көрмедің.*

*Алла жазып, бақ қонып басыңызға,*
*Алтын апам әрқашан қасыңызда.*
*Ерік, Марат Шолпандай перзент сүйіп,*
*Тауға қарай өрледі тасыңыз да.*

*Немере, шөбереден қызық көріп,*
*Жас қосылсын жыл сайын жасыңызға.*
*Үйрендік сізден біз де қарт болуды,*
*Қарапайым, турашыл, мәрт болуды.*

*Сексен жас сіздей жанға көп болмайды,*
*Тоқсанға да көңілім тоқ болмайды.*
*Аға сіз жүзге жетіп той тойлаңыз,*
*Жақсы адам жүзінде де қартаймайды!*

# ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ

Жақсы адам жайлы ой толғап, қалам тербеу де оңай шаруа емес. Сан қырлы адамгершілік қасиеттерін, азаматтық ажарын, кісілік келбетін ашу үшін теңіздей терең ойдың өткелін кешесің.

Дегенмен, тәуекелге бел буып, өзіміздің ағамыз, әріптесіміз, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің отставкадағы подполковнигі, ардагеріміз, ақсақалымыз Төлеген Сәдуұлы Елеусізов туралы толғана жазуға ниет еттім.

Бұл ағамен көп жыл қызметтес болсам да, оны менен гөрі дұрысырақ білетін, оның адами образын ашуға көмектесе алады-ау деген ауылдастары мен аталас туыстарын іздестіріп, Жалайыр Сиыршы руынан тарайтын Тоқымбет-Бұлтықай аталардың баласы Шымырлық Тынышбай Жақсылықұлы деген азаматпен тілдескім келді. Жасы менен едәуір үлкен болса да, әңгіме Төлеген аға туралы болатынын білген соң, Ескелді ауданы Теректі ауылында тұратын Тынышбай қария Талдықорғанға өзі келіп, керек мәліметтерді айтуға келісім берді. Қарға тамырлы қазақ емеспіз бе, сұраса келе оның мені сырттай да болса танитынын, бүгінде марқұм болған туысым Бекен ағамен интернатта бірге оқып, бір жылы бір класта мектеп бітірген жан жолдасы болғанын білдім. Өзі Төкең ағамызбен аталас ағайын екен, ал туған ағасы Мәсәлім кезінде Төлеген Сәдуұлымен бірге Шұбардағы мектеп-интернатта жатып, тәрбиеленіпті. Тынышбайдың айтуынша Бұлтықайдан тарайтын Сәду және Садық атты екі ұл болған. ҰОС басталғанда Сәду әскерге шақырылады да, колхоз бастығы болған Садықтың броні болып, әскерге соғыстың аяғында ғана алынады. Алайда, екеуі де сұрапыл соғыстан оралмаған көрінеді.

Күйеуі майданнан қайтпаған мұңлық Қантай басқа еркектің етегінен ұстап кетіп, ағамыз Төлегенді әкесінің шешесі Айнеке әже тәрбиелеп өсіреді. Шымырдағы бастауыш мектепті бітірген соң, Төлеген мен Мәсәлім оқуды көрші Сталин атындағы миллионер колхоздың орталығы Шұбар ауылындағы мектеп-интернатында жалғастырады. Бұл жерде ата-аналарынан айырылған, туып өскен жерлерін неміс агрессорлары басып алған жерлерден әкелінген өзге ұлт өкілдерінің ұл-қыздары да көптеп тәрбиеленіпті. Колхоз басшылығы интернатқа суармалы жер бөліп беріп, ол жерде сұлы өсіруге жағдай жасайды екен. Орақ біткен соң оларға жинаған әрбір тонна сұлының өтемі ретінде шаруашылық 3 тоннадан бидай беретін болып келісіпті. Ал әйгілі колхозды сол кезде басқарған ерен еңбегі үшін екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алған даңқты атамыз Нұрмолда Алдабергенов екен. Интернат одан бөлек картоп, күнбағыс, көкөністің басқа түрлерін де егіп, солардың өнімін өздерінің қажеттеріне жұмсаған. Бұл жұмыстың барлығы дерлік қаршадай интернат тәрбиеленушілерінің күшімен атқарылған. Осындай әртүрлі ұлттан құралған коллективте тәрбиеленіп, орыс тілін жақсы меңгерген Төлеген ағамыз оқуда озат болыпты. Ауылдарына барған сайын сіңірі созылғанша колхоздың «отымен кіріп, күлімен шыққан» туған-туыстарының, ауыл еңбеккерлерінің ит тіршілігін көзімен көріп, жандары ашиды. Содан Төлеген мен Мәсәлім екеуара

ақылдасып, жетінші сыныпты бітірген соң, енді колхозда жұмыс істеп ата-аналарына көмектеспек болып шешеді. Интернаттағы оқуларын тастап Шымырға оралады. Бұлардың қылығына налыған Мәсәлімнің анасы Күміс қолына сырық алып, екеуін Қарабұлақтан Шұбарға апаратын тас жолға шейін қуалап тастайды.

– Сендердің бізге істеген жақсылықтарың – оқуларыңды дұрыстап оқығандарың. Білім алыңдар, кәсіп иесі болыңдар, сонан кейін де ғұмыр бар ғой. Жұмысқа әлі-ақ үлгересіңдер. Бізді асырағыларың келсе, сонда көрерміз,– депті Күміс апа.

«Апамыздың осы сөзі бізге қамшы болып намысымызды қайрады. Интернатта алған тәрбиеміз бізді шынықтырды, қандай да болсын қиындықтарды жеңуге баулыды. Мәсәлім екеуміз де 1956 жылы мектепті жақсы деген бағалармен бітіріп, еш қиындықсыз қалаған институттарымызға түсіп, діттеген білімімізді алып, өмірден өз орнымызды таптық қой», – дейді, ағынан жарылған Төлеген ағамыз.

Не керек, қалтасында дипломы, қолында жолдамасы, жанында келіншегі, Қызылорданың аруы, Розасы бар Төлеген Сәдуұлы бір-екі жыл Ақсу ауданы «Абай» совхозында механик, бес жылдай Талдықорғандағы индустриалды-педагогикалық техникумда ұстаздық қызмет атқарады. Білімділігі, ұйымдастырушылық қабілеті және қарымдылығымен көзге түсіп, 1968 жылы арнаулы қызмет органдарына қызметке шақырылады. Міне, осы қызметте тиянақтылық пен іскерлік, білімділік пен біліктілік, табандылық пен төзімділік көрсетіп 25 жылдан аса абыройлы қызмет етеді. Осы ұзын-сонар жылдары алдымен облыстық басқармада уәкіл, аға уәкіл, төрт жыл Киров аудандық бөлімшесінің бастығы, он бес жылдан астам Панфилов аудандық бөлімінің бастығы болып, 1993 жылдың қазанында отставкаға шықты. Арнаулы қызмет органдарындағы еңбектері жақсы бағаланып, облыс, республика, одақ көлемінде бірнеше мәрте марапатталған.

Төлеген Сәдуұлымен бір интернатта тәрбиеленген, қара наны мен ботқасын бөліп жеген, көп жыл облыстық барлау бөлімінің бастығы болған Костенко Окашев, облыстық басқармада жетекшілік қызмет атқарған В.Г.Котов, екеуі де ҚР ҰҚК ардагерлері, ағамыздың іскерлігімен қатар жақсы басшы болғанын да атап өтеді. Сол секілді «аз сөйлеп көп тындыратын»,– дейді Төлеген ағамен қатар жүріп қызметтес болғандар

Төлеген ағаны мен де бір адамдай білемін десем жарасады. Сары алтындай сабырлы, мінезі жібек жіптей есілген, жүрегі жұмсақ, нұрлы жүзінен жылылықтың шуағы шашылып тұратын және қарапайымдылығымен көңіл төріме жол тапқан кісі ол. Міне, сондықтан да осындай адамгершіліктің асыл қасиеттерін өн бойына молынан жинақтай білген асыл аға туралы өз ойларымды ақтарыла жазып отырмын. Оған ҚР ҰҚК Алматы облысы бойынша департаментінің ардагерлер кеңесі мұрындық болды.

– Ағамыз келесі жылы мерейлі 80-ге толады. Жазатын осы мақалаңыз сол тойда айтылар жылы лебіздердің басы болсын, –деп еді, ардагерлер кеңесінің төрағасы Кеңес Бабаев ініміз.

**Әбдісамат МЫЛТЫҚБАЕВ,**
**ҚР ҰҚК мен Ауған соғысының**
**ардагері, отставкадағы**
**подполковник.**

# НАША СПЕЦСЛУЖБА РАБОТАЛА КАК ЕДИНЫЙ ОРГАНИЗМ

Однажды в нашем доме неожиданно появился друг моего отца Танирбергенов Марат, тогда начальник местного отделения КГБ. Помню, мы с ним долго беседовали и он мне предложил поехать на учебу в Москву. Я согласился. Как и все молодые люди желал испытать себя, а смогу ли? Очень хотелось принести пользу Родине.

И с этого дня началась моя подготовка к поступлению в Высшую школу КГБ СССР. Долго мы готовились, ко мне был прикреплен сотрудник Эшматов. После долгой подготовки, около полутора лет, направили в Москву. Сдавал экзамены в основном по гуманитарным предметам, проходил тесты. Но сначала была физподготовка: кросс на 3 км, подтягивание и т.д. Кто не прошел физическую подготовку к дальнейшим экзаменам не допускались. Одним словом, поступил в Высшую школу КГБ СССР им.Ф.Э.Дзержинского на один из контрразведывательных факультетов.

После окончания школы был назначен оперативным сотрудником второго отдела контрразведки Управления КГБ по Самаркандской области.

Многому я там научился. Особо хочу отметить моего наставника в первый период службы Кима Авро Андреевича, спасибо ему огромное! Этот чекист с многолетним стажем научил меня оперативному и аналитическому мышлению. Это умение было очень важным, если не самым главным в работе сотрудника спецслужбы.

А потом был Афганистан. Это как особая веха в жизни: «до и после» Все разведки мира здесь. 1988 год, в сложнейших условиях приходилось работать. Мы делали то же самое что и все сотрудники спецслужб: сбор информации оперативным путем. Сейчас этой необъявленной войне отношение общества неоднозначное. Прошло 30 лет с той войны. Многие наши «афганцы» ушли из жизни. Но что бы там не говорили, а приказ мы выполнили. А это, я считаю, главное.

После Афганистана вернулся в Самарканд, в родной отдел. Но вскоре Союз распался, и я рапортом перевелся в Алматы. Комитет национальной безопасности проходил становление вместе со страной. Потребовалось доказывать всем и прежде всего самим, что служба национальной безопасности может обойтись без помощи и опеки « старшего брата». И Комитет это доказал!

Один из ярких тому примеров успешное проведение и реализация контрразведывательной операции «

Виктория», которая показала насколько слаженно и грамотно умеет работать КНБ в новых, изменившихся условиях оперативной остановки. В этой операции были все элементы присущие деятельности спецслужб: предупреждение, выявление и пресечение разведывательно-подрывной деятельности противника на территории суверенного государства, действующего с использованием различных каналов въезда. В ходе проведения контрразведывательных мер отделом контрразведки Департамента КНБ РК по Мангистауской области был выявлен гражданин из страны Ближнего Востока, далее («Связник»), который по ряду признаков был взят в оперативную проверку и тщательное его изучение.

Анализ полученных в процессе его изучения материалов давал основание полагать о причастности «Связника» к иностранной спецслужбе вышеуказанного региона. Далее, в ходе оперативной игры с противником через «Связника» были выявлены цели и задачи стоящие перед спецслужбой иностранного государства в отношении суверенного Казахстана и ряда других стран.

С целью пресечения деятельности спецслужб противника на территории молодого независимого Казахстана, руководством КНБ было принято решение о реализации имеющейся информации и провести операцию под кодовым наименованием «Виктория».

В начале 1998 года в городе Алматы, куда оперативным путем был выведен «Связник» для встречи со своим куратором - офицером спецслужбы иностранного государства, была проведена поимка с поличным последнего при проведении операции по связи со своим источником информации. Так завершилась операция «Виктория», которая показала всему миру, что Казахстан имеет свою спецслужбу, которая твердо стоит на защите территориальной целостности и независимости страны.

Конечно, в силу закрытости или секретности, многие детали мною не написаны. Операция «Виктория» показала профессионализм и слаженность действий всего личного состава Департамента (тогда еще Управление) КНБ по области и Комитета в целом. Наша спецслужба работала как единый организм, нацеленный на достижение поставленной цели.

В то время я был начальником отдела контрразведки, а контроль за деятельностью всех подразделений Департамента осуществлял начальник генерал – майор К.А. Курмангалиев, заслуга которого в достижении поставленной цели неоценима!

Уверен, что традиции преемственности поколений сохранены, и сотрудники КНБ Казахстана находятся в первых рядах в деле обеспечения безопасности страны. Хочу сказать, что я горжусь службой в контрразведке, сумел реализовать все, чему нас учили. Спасибо всем, кто был рядом, спасибо тем, кто пришел на смену.

**Толыбай МЕЛЬДИБЕКОВ,**
**ветеран КНБ РК**

# ТӘРБИЕ ТІНІ – ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНДА

Қауіпсіздік органдары өз қызметін Қызылорда облысы аумағында бастағалы да ғасырға жуық уақыт өтті.

Тарқатып айтар болсақ, 1932 жылғы қыс-көктем айларында Алматы, Ақтөбе, Семей, Петропавловск, Орал, Шымкент қалаларында Төтенше комиссияларының жедел секторлары құрылды. Қызылорда облысының аумағы Шымкент облысының құрамына кіруіне байланысты облыс көлеміндегі жедел жұмыстарды Шымкенттік Бүкілресейлік мемлекеттік сектор бөлімі жүргізді. Оның құрамына Қызылорда қалалық бөлімшесі мен Жаңақорған, Қармақшы аудандары аппараттары кірді. Міне, осы кезеңді облыстық қауіпсіздік қызметі органдарының бастауы санауға болады.

Ал, нақты 1946 жылдың қазан айында КСРО мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің Қызылорда облысы бойынша бөлімі болып құрылып, аймақтағы 8 ауданда бөлімшелері ашылды. Бөлімге Кравченко, Семкин, Латыпов, Абузаров, Сакимов, Қансұлтанов сынды өз ісінің білікті мамандары басшылық жасады. 1962 жылдың мамыр айында Оңтүстік Қазақстан өлкесі және мемлекеттік қауіпсіздік комитеті өлкелік басқармасы құрылды. Осы өлкелік құрамға Қызылорда облысы да кірді. Бірақ, осы кезде Қызылорда қаласында мемлекеттік қауіпсіздік қызметі бөлімі дербес бөлек сақталып қалды. Тек 1976 жылы сәуірде бөлім басқарма болып өзгертіліп, араға екі жыл салып барып тамыз айында Қызылорда облыстық басқармасы болып қайта құрылды. Жеке енші алған құрылымға сол жылдары майор Қанатов, подполковник Жалелов, полковниктер Бишімбаев, Нуров, Хадеев, Дауеновтер басшылық жасап, жемісті еңбек етті.

Одан кейін де өздерінің білікті де білімді ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түскен басшылар аз болған жоқ.

1992 жылы 13 шілде күні ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылып, қауіпсіздік органдарына жаңа тапсырмалар жүктелді. Міне, осы жылдары, яғни 1992-1995 жылдар аралығында полковник А.Б.Бапалақов, онан кейін полковниктер Н.Ж.Ералиев пен М.А.Алдияров және С.Т.Орумбаев қауіпсіздік органдарының тізгінін ұстаса, 2002-2014 жылдар аралығында генералдар Т.Ж.Әлиасқаров, Қ.М.Нишанбаев, Б.М.Байғазиевтер Департамент жұмысын жаңа деңгейге көтере білді. Ал 2014 жылдың желтоқсан айынан Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментіне басшы болып полковник Т.Р:Жунусов тағайындалса, бүгінгі күні құрылымды білікті басшы Мақсұт Кәкімұлы Баймағамбетов басқарып келеді.

Қызылорда облысы тоғыз жолдың торабында орналасқан күрделі аймақтар қатарына жатады. Оған Байқоңыр қаласы мен ондағы аса маңызды обьектілерді қосқанда жұмыс көлемі мен оның күрделілігін байқау қиын емес. Тарихқа көз жүгіртсек.... Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекетаралық келісімдер негізінде қауіпсіздік комитеті де

бірлескен шаралар өткізіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Соның бір ғана мысалы ретінде 1998 жылы Қазақстаннан Ресейге есірткі заттарын тасымалдау бағытын анықтау мақсатында жүргізген құпия операцияны айтуға болады. Оқиға былай болған. Облыстың Қармақшы ауданының бірнеше тұрғыны Ресейдің Қорғаныс министрлігінің әскери-транспорттық авиациясының қызметкерлері арқылы әуе кемелерін пайдалана отырып, Мәскеудегі қылмыстық топтарға есірткі заттарын жеткізіп отырған. Арнайы жүргізілген операция сәтті өтті. Бір мезгілде Мәскеуде, Байқоңырда және Қармақшы ауданында 17 қылмыскер тұтқындалып, 200 келі есірткі заты мен қару-жарақ және 70 мың АҚШ доллары тәркіленді. Мұнан өзге авиатехника және басқа да бағалы заттар алынды. Екі елдің бірлескен арнайы қызметтері қаншама экономикалық қылмыстардың бетін ашып, талай қылмыстың алдын ала білді. Нәтижелі жұмыстар бүгінгі күні де өз жалғасын тауып келеді.

Ғасыр басында, яки 2000 жылы арнайы операция нәтижесінде Байқоңырдан Африка континенті елдерінің біріне контрабандалық жолмен жіберілген Ан-12 әскери-транспорттық ұшағы елге қайтарылды. Мұндай оқиғалар көптеп кездеседі. Сала жұмысының құпиялылығына сәйкес уақыты келмейінше олар жариялана бермейді. Бүгінгі таңда Департамент қызметінің негізгі міндеттерінің бірі-еліміздегі әлеуметтік, ұлтаралық және діни қақтығыстардың алдын алу болып табылатыны белгілі. Нәтижелі жұмыстардың бірі 2006 жылы желтоқсан айында болды. «Хизб-Ут-Тахрир» ұйымының Арал және Байқоңыр қаласынан үш белсенді мүшесі тұтқындалды. Жас шамалары 20-30 аралығындағы тағы 9 мүшесі идеологиялық құрылымнан өз еріктерімен бас тартты.

Департамент жұмысының басты бағытының бірі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Облыс мұнайлы аймаққа да жататындықтан бұл саладағы қылмыстардың алдын алып, тосқауыл қою оқиғалары да жиі орын алып тұрады. Ірі көлемдегі арнайы операция барысында 2006 жылы «КазТрансОйл» компаниясының «Құмкөл Қарақойын» мұнай тарату магистралі арқылы Оңтүстік-Торғай кенішінен мұнай ұрлаушы ұйымдасқан қылмыстық топ қолға түсірілді. Олар мұнай ұрлап, оны заңсыз өңдеумен айналысқан. Кең көлемді операция кезінде Қызылорда қаласынан 200 шақырым жерде мұнай өңдейтін 18 кіші зауыт, 2 уақытша шикі мұнай сақтайтын орын анықталды. Олардан заңсыз жұмыс істеп жүрген 56 адам ұсталып, 14 жүк автоцистернасы, 455 тонна мұнай, 19 тонна мазут, 99 тонна дайын өнім алынды. Қылмыстық топ дайын өнімді қаланың жанар-жағар май бекеттеріне таратып келген. Қылмыстың асқынғаны сонша, олар теміржол арқылы мұнайды вагон-цистерналарға құйып республиканың басқа аймақтарындағы өңдеу зауыттарына жөнелтіп отырған. Ұрланған мұнай мен олардың жасырын зауыттарда дайындаған өнімдері ай сайын 1 миллион АҚШ долларын құраған. Осыдан-ақ мемлекетке қанша зиян келтіріліп отырғанын бағамдай беріңіз. Осы фактілер бойынша 8 қылмыстық іс қозғалды. Бұл Департамент қызметкерлерінің қатысуымен атқарылған нәтижелі істердің бірнеше ғана мысалы.

Енді Департаменттің ардагерлер кеңесінің құрылуы мен бүгінгі таңда

атқарылып жатқан істерге аз ғана шолу жасап өтейін. Қызылорда қаласы мен Байқоңыр қаласы бойынша ҰҚКД-нің ардагерлер ұйымы 1970 жылдары құрылды. Оның құрамына зейнеткерлер, соғыс және тыл ардагерлері кірді.

